

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



KAZAKHSTAN
D E P O S I T
I N S U R A N C E
F U N D

2014
2016

СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ДАМУ ЖОСПАРЫ



МУМКИН ЕМЕС

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
Стратегиялық басқару тұжырымдамасы	6
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметіне шолу жасау	7
Қордың миссиясы	7
Қордың негізгі өкілеттіктері	7
Қор қызметінің SWOT талдауы	8
2010-2013 жылдардағы негізгі жетістіктер	9
2014-2016 жылдарға арналған алдағы дамудың негізгі бағыттары	11
Негізгі стратегиялық қағидаттар	13
Қазақстанның қаржы нарығындағы ахуал және 2014-2016 жылдардағы республиканың депозит нарығының даму болашағы	14
Банк секторы, оның негізгі тәуекелдері	14
Қазақстанның бөлшек депозит нарығы	14
Кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасының жеткіліктілігі	15
1. ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК	15
1.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (Акционер және өкілетті орган ретінде) және қатысушы банктермен өзара қарым-қатынас	15
1.2. Ішкі бақылау нәтижелері	16
1.3. Халықаралық байланыстардың дамуы	16
2. АКТИВТЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ	17
2.1. Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерв	18
2.2. Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау әдістемесі	18
3. ҚОРДЫҢ ОПЕРАЦИОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ	19
3.1. Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу механизмін жетілдіру	19
3.2. Арнайы резервті қалыптастыру процедураларын дамыту	20
3.2.1. Арнайы резерв тапшылығын қаржыландырудың балама көздері	21
3.3. ДКБЖ-не қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін дамыту	23
3.4. Арнайы резервті қалпына келтіру бойынша Қор қызметтерін жүзеге асыру	23
3.5. Қор қызметін құқықтық қамтамасыз ету және әдістемелік жұмыс	24
3.5.1. Жекелеген бизнес-процестер бойынша ішкі процедураларды дайындау	24
3.5.2. Үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып заңнаманы дамыту	25
3.6. Мөншікті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу	26
3.7. Депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары	27
4. АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ	29
4.1. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	30
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАР: ҚОСЫМШАЛАР 1-7	31

ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
АТ	Ақпараттық технологиялар
Банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есепке алуы бойынша өздері дайындаған деректер қорының, Қор талаптарына сәйкестігін тексеру	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктеріндегі кепілдік берілген депозиттерді тіркеу бойынша автоматтандырылған деректер қорының, қосылу шартымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның талаптарына сәйкестігін анықтауға байланысты іс-шараларды өткізу
ДКБЖ, Жүйе	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ДСЖХҚ, Қауымдастық (IADI)	Депозиттерді Сақтандыру Жүйелерінің Халықаралық Қауымдастығы
Заң	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
Қатысушы банк	Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын банк
ҚДКБҚ, Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы
ҚҚҚ	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚДК	Қордың директорлар кеңесі
МСА	Мемлекеттік сатып алулар
НҚА	Нормативтік құқықтық акті
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар, қызметтер
Ұлттық Банк, ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ІАД	ҚР Ұлттық Банкінің Ішкі аудит департаменті
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның 2014-2016 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін одан әрі дамыту бойынша басым мақсаттары мен міндеттерін анықтауға бағытталған.

КІРІСПЕ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның 2014–2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында Қордың алдағы үш жылға арналған қызметінің стратегиялық бағыты, мақсаттары және басымдықтары анықталған.

Қордың алдыңғы стратегиялық даму жоспары 2010–2012 жылдарға арналып жасалған болатын. Қор қызметінің стратегиялық бағыттары экономикалық орта мен жоспарланған кезең ішінде күтілетін тәуекелдерді талдау негізінде белгіленген. Қор кешенді стратегиялық басқарудың тұжырымдамасы негізінде дамиды, ол Қор ұшырауы мүмкін анағұрлым елеулі тәуекелдерді талдауды, оларды барынша азайтуға бағытталған тиімді шаралар мен іс-қимылдарды дайындауды, қазақстандық ДКБЖ-нің сапалы жаңа даму кезеңіне көшу мақсатында Қор қызметінің негізгі бағыттарын одан әрі жетілдіруді қамтиды.

Қордың стратегиялық даму жоспары Қордың миссиясын – үздік әлемдік тәжірибенің жетістіктерін ескере отырып, депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесі болуды тыңғылықты жүзеге асырудың негіздерін анықтайды.

Қордың жетістіктері. Қазіргі таңда Қор мемлекеттің қаржылық қауіпсіздік жүйесінің ең маңызды буындарының бірі болып табылады және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Осылайша Қор қызметі екінші деңгейдегі банктердегі халық жинақтарының артуына қолдау көрсетеді және елдің банк секторындағы

өтімділіктің жалпы деңгейінің артуына жол ашады.

2013 ж. соңында Қордың депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесін жетілдіру жөніндегі жетістіктері алғаш рет халықаралық деңгейде аталып өтті. 2013 жылдың қараша айында Буэнос-Айрес қаласында (Аргентина) өткен Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының 12-ші Жалпы жылдық жиналысында, «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жан-жақты дамыту саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ депозиттерді сақтандырудың ең үздік ұйымы болып табылды.

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (ДСЖХҚ) Қордың кепілдік берілген өтемдерді төлеуге байланысты бизнес процестерді оңтайландыру және техникалық шешімдерді әзірлеу, қорландыру мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің дамығандығын, халыққа депозиттерге кепілдік беру жайлы ақпарат беру бойынша белсенді науқанның жүргізілуі, сонымен қатар депозиттерге кепілдік беру саласындағы қазақстандық заңнаманың дамуы секілді жетістіктерін атап өтті. Бұдан өзге, Қордың банкті мәжбүрлеп тарату жағдайы орын алған кездегі, яғни төтенше жағдайларға арналған арнайы іс-қимыл жоспары да атап өтілді.

ҚР қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы шеңберінде, Қорға банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу және оларды тарату бойынша бірқатар жаңа міндеттер мен өкілеттіктерді табыстау жоспарланып отыр.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Қор өз қызметін жоспарлағанда бірқатар маңызды тәуекелдерді талдауды қамтитын тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесін негізге ала отырып, кешенді стратегиялық басқару тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Стратегиялық жоспарлау процесінде келесі факторлар ескеріледі:

- ДКБЖ және Қор қызмет ететін орта;
- негізгі тәуекелдерді және олардың салдарларын анықтау мен топтастыру;
- Қордың негізгі серіктестері;
- жоспардағы стратегиялық нәтижелері;
- ең жоғарғы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған стратегия және нақты іс-шаралар.



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ ЖАСАУ

1999 жылдың қарашасында құрылған қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі, қаржылық тұрақтылық пен халықтың отандық банк жүйесіне деген сенімін қолдауда бірнеше рет өзінің маңыздылығын дәлелдеді. Қор құрылған күннен бастап осы күнге дейін, мәжбүрлеп таратылған үш банктің (2002, 2005 және 2007 жж.) шамамен 70 мың салымшылары өздерінің сақтандырылған банктік депозиттері бойынша, жалпы сомасы шамамен 15 млрд. теңге көлемінде кепілдік берілген өтемдерін алды.

2006 жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызмет етуінің құқықтық негізі болып табылады. 2011 жылдың 29 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес, бір банк бойынша бір салымшыға берілетін кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы тұрақты негізде 5 млн.теңге деңгейінде сақталды.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам ретінде құрылған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің коммерциялық емес еншілес ұйымы болып табылады.

ҚДКБҚ-ның жоғары органы, оның жалғыз акционері - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. Басқару органы Қордың Директорлар Кеңесі болып табылады. Қордың Директорлар кеңесі жеті мүшеден – Ұлттық Банк Төрағасының екі орынбасарларынан, Ұлттық Банктің үш бөлімшесінің басшыларынан, біреуі «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ төрағасы болып табылатын үш тәуелсіз директорлардан және Қордың Төрағасынан тұрады. Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Стратегиялық жоспар қағидаларының орындалуын бақылауды Қордың Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Қордың стратегиялық жоспарлауының негізінде қызметтің үздіксіздік қағидаты жатыр. Осыған байланысты Стратегиялық даму жоспары жыл сайын Қордың алдағы 3 жылға даму жоспарын нақтылау мақсатында қайта қаралады.

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қаржылық жүйені тұрақтандыруды қамтамасыз етуде және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тиімді қатысушы болу.

ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Қор Заңға сәйкес келесі негізгі өкілеттіліктерге ие:

- ДКБЖ-не қатысушы банк мәжбүрлеп таратуға ұшыраған жағдайда салымшы-жеке тұлғаларға кепілдік берілген өтемді төлеу;
- арнайы резерв қалыптастыру;
- Қордың меншікті активтерін тиімді инвестициялау;
- Қосылу шартымен белгіленген талаптарға сәйкес кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқоры бойынша қатысушы банктерге Қордың бірегей талаптарына қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорын жүргізу сәйкестігін орнату;
- қатысушы банктердің жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау;
- қатысушы банктің оқшаулау кезеңіне тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы банктің барлық банкілік операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айыру кезеңіне тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- тарату комиссиясының және мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына кіру.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ SWOT ТАЛДАУЫ

S – ҚУАТТЫ ЖАҚТАРЫ

- ▼ Банктерді мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне қатысу тәжірибесінің болуы;
- ▼ ҚР ҰБ-ның Қор қызметіне (акционер, директорлар кеңесі) қатысуы, бұл да өз кезегінде, Қорға жанама түрде проблемалық банктерге қатысты шешімдер қабылдауға қатысуға мүмкіндік береді;
- ▼ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің ауқымды міндеттері заңнамамен бекітілген;
- ▼ Екінші деңгейдегі банктердің ДКБЖ-не міндетті түрде қатысуы;
- ▼ Қатысушы банктердің қаржылық ұстанымы мен тәуекелдерінің көрінісін дәлме-дәл бағалау үшін «БАТА» СМЖ және жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеу үшін «БАТА» ақпараттық жүйесінің қолданылуы;
- ▼ ҚАР тапшылығын/жеткіліктілігін анықтау үшін мақсатты деңгей мен Қордың арнайы резерв мөлшерін анықтау әдістемесінің болуы;
- ▼ Әр түрлі мақсатты аудиторияға бағытталған Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметі арналарының кең ауқымдылығы;
- ▼ Қордың активтерін тек қана төмен тәуекелді қаржылық құралдарға инвестициялауды қарастыратын, консервативті инвестициялық стратегиясы;
- ▼ Қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің есепке алу дерекқорын, Қордың талаптарына сәйкестігіне тексеруге рұқсаттың болуы.

W – ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- ▼ Банктерді мәжбүрлеп тарату рәсіміне шектеулі түрде қатысуы;
- ▼ Кепілдік берілген өтемді төлеу процесін қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша Қор өкілеттігінің тар ауқымдылығы;
- ▼ Депозиттер жөніндегі мәліметтерге, олардың банк құпиясына жатқызылғандығына байланысты қол жеткізуге кешенді рұқсаттың болмауы;
- ▼ Төтенше жағдайлар (жүйелік дағдарыс) кезеңіндегі іс-әрекет механизмдерінің реттелмегендігі;
- ▼ Проблемалық банктердің дерменсіздігін сауықтыру және реттеу әдістерін қолдану механизмдерінің реттелмегендігі (тұрақтандыру банкі, Р&А және т.б.);
- ▼ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» ҚР Заңының 50-бабының 4-тармағына сәйкес «БАТА» СМЖ әдістемесін жетілдірудің қиын-датылғандығы;
- ▼ Брендбуктың – Қор жайлы жарнамалық және басқа да таныстыру өнімдерін рәсімдеудің бірыңғай стилінің болмауы; Қордың өткізіп жатқан ақпараттық-түсіндіру қызметінің тиімділігін, тәуелсіз арнайы маркетингтік компания тарапынан тұрақты түрде бағалануының жүргізілмеуі;
- ▼ Қордың қаржы құралдарының тиімді шарттармен дереу сату мүмкіндігінің жоқтығы;
- ▼ Арнайы резерв қаражатын қолданудағы шектеулер;
- ▼ Қордың қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің тіркеу дерекқорын, Қордың талаптарына сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыруға қатысты өкілеттіктері заңнамамен бекітілмеген.

O – МҮМКІНДІКТЕРІ

- ▼ «БАТА» СМЖ және арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтауға арналған әдістемені жетілдіру мақсатында Қорға ұсынылатын ақпараттар тізімінің кеңейтілуі бойынша ҚРҰБ-мен тығыз қарым-қатынаста болу;
- ▼ Қордың инвестициялық қоржындарының табыстылығын арттыру мақсатында инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімін ұлғайту мүмкіндігі;
- ▼ Қорға дерменсіз банктерді реттеу процедурасын-атқару міндеттерін табыстау;
- ▼ Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, проблемалық банктерді тарату және тиімді етіп қайта құрылымдау бойынша озық процедураларды енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- ▼ Қордың меншікті бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алу дерекқорын жүргізу сапасын тексеру;
- ▼ Атқарып жатқан қызметіне қатысты маңызды

T – ҚАУІПТЕРІ

- ▼ «БАТА» СМЖ-ні жетілдіру үшін ақпараттардың жеткіліксіздігінен, «БАТА» СМЖ-не қатысушы банктер тәуекелдерінің тиісінше дұрыс көрініс таппауы;
- ▼ Банктерді сауықтыру/реттеудің рәсімдік негіздері мен шараларын өткізу шарттарын анықтауды қарастыру бөлігінде банк заңнамасын жетілдірудің қажеттілігі;
- ▼ Агент банкті таңдау конкурсы қанағаттанарлық дәрежеде өтпеген жағдайда, «Қазпошта» АҚ-ның кепілдік берілген өтемді төлеуге дайын болмауы;
- ▼ Жарнамалық қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу ерекшеліктеріне байланысты ақпараттық-түсіндіру қызметі бойынша Қор бюджетінің шектеулілігі;
- ▼ Қордың валюталық активтері бағаланған шетел валюталары бағамдарының ауытқуы жағымсыз бағам айырмашылығына байланысты шығынға әкеп соғуы мүмкін;
- ▼ Кепілдік берілген депозиттерді тіркеу дерекқорын тексеру бойынша Қор өкілеттіктерінің шектелгендігіне байла-

ақпараттар бар болған жағдайларда, Қор үшін ақысыз негізде, түрлі ақпараттық арналар арқылы PR-коммуникацияны қолданудағы ауқымды мүмкіндіктер; Қор хабарламаларын түрлі ақпараттық арналар арқылы жарнамалауда, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктермен белсенді ынтымақтастықта болу мүмкіндіктері;

▼ Депозиттерге кепілдік беру мәселелерін реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу бөлігінде ҚРҰБ-ның заңнамалық бастама көтеруін қолдану мүмкіндігі;

▼ Депозиттерге кепілдік беру Заңымен агент банкті (агент банктерді) конкурстық негізде таңдау мүмкіндігі қарастырылған, ал егер бірде бір банк агент банкке қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Қор өтемді Ұлттық пошта операторы арқылы төлей алады.

нысты, қатысушы банктерден тұрақты негізде дерекқор алып отыру мүмкіндігінің болмауы, өз кезегінде олардың сапасының тұрақты түрде мониторингін жасауға кедергі туғызатындығы.

2010-2013 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

2010 ж.

- ▼ 2010 жылдың ақпан айында Қордың инвестициялық саясаты толығымен қайта қаралды.
- ▼ 2010 жылдың сәуір айында «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төленген кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қор мен агент банк арасында мәліметтер реконсиляциясы және өзара салыстыру ісі аяқталды.
- ▼ 2010 жылдың маусым айында «БАТА» күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеудің ақпараттық жүйесі Қордың зияткерлік меншігі ретінде тіркелді.
- ▼ Жыл ішінде Қордың Директорлар кеңесінің 6 жиналысы және Қордың Консультативтік кеңесінің 9 жиналысы өткізілді.
- ▼ «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп таратылатын банктермен жұмыс жалғасып жатты – жылдың соңындағы ахуалға сай екі банктің шамамен 67 мың салымшыларына жиынтық сомасы шамамен 14,6 млрд. теңге көлемінде кепілдік берілген өтем төленді. Бұдан өзге, есептік жылдың соңында «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ-ның тарату комиссиясы банктің сақтандырылған салымшыларына төленген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың 88% талаптарын қанағаттандырды, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы Қордың төлеген кепілдік берілген өтем сомасының - 31% немесе 4,5 млрд. теңгесін қанағаттандырды.
- ▼ 10 қатысушы банктерде, банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есепке алуы бойынша мәліметтер дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігі тексерілді. Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғандығын растау мақсатында 4 қатысушы банктерде қайта тексеру жүргізілді.
- ▼ 2010 ж. желтоқсан айында Қор акционері оның жарғылық капиталын 10%, яғни 121 млрд. теңгеге дейін арттырды. 2010 жылдың соңында қатысушы банктердің жарналары 46,8 млрд. теңгені, Қор активтері 202,3 млрд. теңгені, ал инвестициялық табыс 8,1 млрд. теңгені құрады.

2011 ж.

- ▼ 2011 жылдың наурыз айында жеке тұлғалардың қайта тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемесін анықтау және белгілеу Әдістемесі бекітілді.
- ▼ Маусым айында Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулары есепке алынған «БАТА» АЖ-нің жаңартылуы аяқталды.
- ▼ 2011 жылдың желтоқсан айында «Қазақстан республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен халықтың кепілдік берілген депозиті бойынша ең жоғары өтемді бес миллион теңге көлемінде сақтау қарастырылған.
- ▼ Банктердегі кепілдік берілген депозиттерді есепке алу дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау процесін автоматтандыратын «SaIT Inspect» АЖ әзірленді және тәжірибелік қолданысқа енгізілді.

- ▼ Сақтандыру жағдайы орын алғанда Қор қызметкерлерінің атқаратын процедураларын автоматтандыруға арналған «SaIT Payout» АЖ әзірлеу басталды.
- ▼ 12 қатысушы банктерде, банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есепке алуы бойынша дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігі тексерілді. Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғандығын растау мақсатында аталған шаралар 1 қатысушы банкте қайта жүргізілді.
- ▼ Мәжбүрлеп таратылған «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ проблемалық банктермен жұмыс жалғастырылды – жылдың соңындағы ахуалға сай екі банктің шамамен 67 мың салымшыларына жиынтық сомасы шамамен 14,6 млрд. теңге көлемінде кепілдік берілген өтем төленді. Бұдан басқа есептік жылдың соңында «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ-ның тарату комиссиясы банктің сақтандырылған салымшыларына төленген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың 88% талаптарын қанағаттандырды, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы Қордың төлеген кепілдік берілген өтем сомасының – 36% немесе 5,1 млрд. теңгесін қайтарды.
- ▼ Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы және Базельдік банктік қадағалау комитетімен бекітілген депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің Негізгі қағидаларына қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің сәйкестігін бағалауды жүргізу жұмыстары басталды.
- ▼ Алматыда Еуразиялық аймақтық комитеттің жылдық жалпы жиналысы, сонымен қатар «Проблемалық банктердің дерменсіздігін реттеудің негізгі әдістері және кепілдік берілген өтемді төлеу» тақырыбында семинар өткізілді.
- ▼ 2011 ж. желтоқсан айында Қор акционері оның жарғылық капиталын 10%, яғни 133,1 млрд. теңгеге дейін арттырды. 2011 жылдың аяғында қатысушы банктердің жарналары 67,11 млрд. теңгені, Қор активтері 243,9 млрд. теңгені, ал инвестициялық табыс 8,3 млрд. теңгені құрады.

2012 ж.

- ▼ Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы және Базельдік банктік қадағалау комитетімен бекітілген депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің сәйкестігін өздігінен бағалау жұмыстары аяқталды.
- ▼ Мәжбүрлеп таратылған банктің (06.11.2012 ж. Қордың Директорлар кеңесінің шешімі) депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу Ережесі бекітілді.
- ▼ Мәжбүрлеп таратылған «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ банкілерімен жұмыс жалғастырылды. Бұдан басқа есептік жылдың соңында «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ-ның тарату комиссиясы банктің сақтандырылған салымшыларына төленген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың 88% талаптарын қанағаттандырды, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы Қордың төлеген кепілдік берілген өтем сомасының – 49,4% немесе 7 млрд. теңгесін қайтарды.
- ▼ 14 қатысушы банктерде, банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есепке алуы бойынша дерекқордың Қор талаптарына сәйкестігі тексеру іс-шаралары өткізілді. Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғандығын растау мақсатында аталған іс-шаралар 5 қатысушы банктерде қайта жүргізілді.
- ▼ 2012 ж. желтоқсан айында Қор акционері оның жарғылық капиталын 10%, яғни 146,41 млрд. теңгеге дейін арттырды. 2012 жылдың аяғында қатысушы банктердің жарналары 89,4 млрд. теңгені, Қор активтері 282,26 млрд. теңгені, ал инвестициялық табыс 9,28 млрд. теңгені құрады.

2013 ж.

- ▼ 2013 жылдың ақпанында Қордың Директорлар кеңесі тарапынан Қордың арнайы резервін анықтау Әдістемесі мақұлданды.
- ▼ 2013 жылдың қарашасында Қор ДСЖХҚ мүшелері арасында «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жан-жақты дамыту саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша депозиттерді сақтандыру жөніндегі ең үздік ұйым болып танылды.
- ▼ Қордың арнайы резервін толықтыру мақсатында, Қордың арнайы резервінің активтері бойынша инвестициялық табыстың салықтан босатылуы заңнамалық деңгейде бекітілді.
- ▼ «SaIT Payout» АЖ тәжірибелік қолданысқа енгізілді.
- ▼ Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы Комитетіне «SaIT Inspect» АЖ мен «SaIT Payout» АЖ құқықтарының мемлекеттік тіркеу куәлігін алу үшін құжаттар жіберілді.
- ▼ Қор 3 банктің жабдықтарына, тұрақты түрде қолдануларына және ақысыз негізде банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысу мерзімі кезеңіне «SaIT Inspect» АЖ орнатты және олармен ақпараттық жүйені пайдалануға беру және қолдану келісімін жасады.
- ▼ 2 қатысушы банктерде, банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есепке алуы бойынша өздері дайындаған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігі тексерілді. Қатысушы банктерде табылған сәйкессіздіктердің жойылғандығын растау мақсатында 3 қатысушы банктерде қайта тексеру жүргізілді.
- ▼ Жыл ішінде мемлекеттік салық органдары Қор қызметінің салық заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында бірқатар

тексерулер жүргізді.

▼ «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ проблемалық банкілерімен жұмыс жалғастырылды. Бұдан басқа есептік жылдың соңында «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ-ның тарату комиссиясы банктің сақтандырылған салымшыларына төленген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың 88% талаптарын қанағаттандырды, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы Қордың төлеген кепілдік берілген өтем сомасының – 54,7% немесе 7,8 млрд. теңгесін қайтарды.

▼ 2013 ж. желтоқсан айында Қор акционері оның жарғылық капиталын 10%, яғни 161,05 млрд. теңгеге дейін арттырды. 2013 жылдың аяғында қатысушы банктердің жарналары 114,65 млрд. теңгені, Қор активтері 338,08 млрд. теңгені, ал инвестициялық табыс 12,35 млрд. теңгені құрады.

2014-2016 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЛДАҒЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қордың алдағы дамуының келесі негізгі стратегиялық бағыттарының жүзеге асырылуы арқылы, жоспарланған кезеңде Қордың күш-жігері қазақстандық банк жүйесіне деген халықтың сенімін сақтауға шоғырланады:

- депозиттерге міндетті кепілдік беру саласындағы заңнаманы, оның ішінде проблемалық банктердің дәрменсіздігін жою және тарату қызметтерін Қорға заңды тұрғыда табыстау арқылы жетілдіріп, 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру;
- Қордың, банктердің мәжбүрлеп таратылуы жағдайында салымшыларға кепілдік берілген өтемді дер кезінде және дұрыс етіп төлеу бойынша негізгі қызметтерін орындауға операцияндық дайындығын қамтамасыз ету;
- Қордың арнайы резервін толықтыру механизмдерін жетілдіру және Қордың қаржылық тұрақтылығын арттыру;
- депозиттер және де сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша кепілдік ұсынып отырған, сақтандырудың біріктірілген жүйесін енгізу мәселесін тыңғылықтау (Integrated protection scheme);
- заңды тұлғалардың жекелеген категорияларының ағымдағы шоттарына кепілдік беру (шағын бизнестің әлеуметтік маңызды топтары);
- Қор тәуекелдерін талдауды және қызметін қадағалауды күшейту;
- Салымшылардың хабардар болуын және ДКБЖ-нің қызмет ету қағидаттарын түсінуін арттыруға бағытталған жұмыстардың күшейтілуі.

2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасын жүзеге асыру, проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу, банктердің тиімді таратылуы және арнайы резерв қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында қарастырылған мәселердің бірі банктерді ерте елеу, сауықтыру және тарату жүйелерін жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты, Тұжырымдамаға сәйкес


ерте елеу және бақылау шараларын, олардың банктегі мәселесінің қауіптілігіне сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, сауықтыру құралдарынан ажырату қарастырылуда. Аталған міндетті жүзеге асыру және қолданыстағы депозиттерге кепілдік беру жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында келесілер қарастырылуда:

- Қорға дәрменсіз банктерді реттеу процедураларын жүзеге асыру қызметін табыстау (яғни, банкті барлық банктік операцияларды жүзеге асыру лицензиясынан айырғаннан соң);
- банкті сауықтыру шараларының құны оны тарату құнынан төмен екендігін (least cost method) растайтын құжаттаманың болуы шартымен, сауықтыру процесіне тек Қор тікелей қатысқан уақытта ғана депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қаражатын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- банктерді сауықтыру/реттеу бойынша рәсімдік негіздерді және шараларды өткізу шарттарын анықтауды қарастыру бөлігінде банктік заңнаманы жетілдіру мәселесін талқылау (P&A, тұрақтандыру банкі, банк қарыздарын акционерлік капиталға және тағы басқаға мәжбүрлеп айналдыру механизмі);
- таратушының, проблемалық банк балансінен өндірілуі мүмкін болмайтын қарыздарды есептен шығару процедурасын жеңілдету.

Қор, өз кезегінде жоғарыда аталған міндеттердің жүзеге асырылуына, дәрменсіз банктерді реттеу процедураларын атқару бойынша өкілеттіктердің Қорға заңды түрде бекітілуіне тиісті ұсыныстарды енгізу арқылы тікелей қатысады, оның ішінде келесілер бойынша:

- проблемалық банктің дәрменсіздігін реттеу әдісін таңдау (ең төменгі және оңтайлы шығындар қағидаты негізінде);
- банктік және коммерциялық құпияларға қол жеткізуді ұсыну;
- банктерді сауықтыру үдерісіне Қордың тікелей қатысуы шартымен, банктердің қаржылық жағдайларын сауықтыру процесінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қаражатын қолдану.

Қолданыстағы жүйе



Тұжырымдамаға сай тәсіл



Проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу үдерісін тиімді етіп құру Қордың қатысушы банктердің қаржылық жағдайы жайлы хабардар болуының жетілдірілуін талап етеді, ал бұл өз кезегінде Қор тарапынан төменде көрсетілген тиісті шаралардың орындалуын талап етеді, жекелеп айтсақ:

1) Қордың ҚРҰБ-мен әріптестігінің Келісімі аясының кеңейтілуі (банктерді бақылау және проблемалық банктерді тексеруге бірлесе қатысулар жайлы ақпаратымен алмасу, проблемалық банктерді реттеу кезеңінде келісілген іс-қимылдарды атқару және т.б.);

2) Қор өкілдерінің, проблемалық банктерге қатысты мәселелер қарастырылатын ҚРҰБ басқарма және/немесе комитеттер жиналыстарына қатысуы;

3) банктің нақты қаржылық жағдайын, оның несиелік қоржынын және т.б. талдау және бағалау;

4) банктің материалдық емес активтерін, оның ішінде тез сатылуы тиіс, бірақ олардың нарықтық бағасын және т.б. анықтау қиынға соғатын несиелік қоржынның, оның АБАЖ-нің және т.б. активтерінің тиісті түрде бағалануын жүзеге асыру;

5) банкті сауықтыру үдерісінің қаржылай көзін анықтау: (1) инвестициялық табыс, (2) жарғылық капитал шегіндегі шығыстар, (3) арнайы резерв;

6) банкті сауықтыру жоспарына оның толықтығы мен шынайылығын анықтау үшін сараптама құру және жүргізу.

Сонымен бірге, Қордың қаржылық реттеушімен Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасы қағидаларын бірлесе отырып жүзеге асыруы, проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу бойынша ҚРҰБ мен Қор арасында өкілеттіктерді тиімді етіп бөлістіруге және ҚРҰБ-нің қызметінде банктерді реттеушілік қызметі мен тарату үдерісі бір жағынан, дәрменсіз банктерді тарату үдерісін жүзеге асыру міндеті екінші жағынан үйлескенде туындайтын мүдделер қақтығысының орын алмауына мүмкіндік береді. Бұдан өзге, проблемалық банктің дәрменсіздігін реттеу міндетін проблемалық банктің ең ірі кредиторы ретінде Қорға тапсыру, оның тиімді жолмен таратылу үрдісіне көмектеседі, депозиторлардың өтемдеріне қатысты, яғни сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда жеке тұлғаларға кепілдік берілген өтемді төлеуге байланысты ҚДКБҚ шығындарын оңтайландыруға, сондай-ақ тарату үрдісінің жалпы шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Депозиттер, сақтандырудың кейбір жекелеген түрлері бойынша кепілдік беретін сақтандырудың біріктірілген жүйесін енгізу (Integrated protection scheme).

Ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес әлемнің көптеген алдыңғы қатардағы елдерінде депозиттерді сақтандыру және сақтандыру өтемдерін төлеу ұйымдарының бірігу тенденциясы байқалуда. Қаржы нарығында сақтандырудың біріккен жүйесі болуының негізгі артықшылығы – дағдарыстық жағдайлар кезеңінде әсіресе бірыңғай, капиталы жеткілікті Қорға деген өткір мұқтаждық туғанда, қаржы жүйесі тұрақтылығын арттыру болып табылады. Бұдан басқа, отандық қаржы нарығы үшін осы тәрізді жүйені құрғандағы ұтымды аспектілер мыналар:

- Проблемалық банктер мен сақтандыру ұйымдарының дәрменсіздігін реттеу барысында ұйым ресурстарын оңтайлы пайдалану, сонымен қатар көрсетілген ұйымдардың аппараттарын ұстауға кеткен әкімшілік шығындардың азайтылуы;
- Проблемалық банктер мен сақтандыру ұйымдарын реттеу үрдістерін стандарттау;
- Қордың қатысушы банкті таратуға дайындығын арттыру, себебі Қор сақтандырудың біріктірілген жүйесі аясында, проблемалық банктермен салыстырғанда таратуға әлдеқайда жиірек ұшырайтын сақтандыру ұйымдарында барлық қажетті үрдістерін тыңғылықтау мүмкіндігіне ие болады;
- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы құрылымын, халықаралық тәжірибеге және заманауи ағымдарға (әсіресе Ресей Федерациясында кеңінен байқалып отырған және сақтандырудың біріктірілген жүйесін құру бағытында қозғалып жатқан) сәйкестендіру, бұл да Еуразиялық экономикалық одақты құру шеңберінде өтіп жатқан интеграциялық үрдістер мен оған қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының нормаларын үйлестіруге қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелері аясында орын алып жатқан интеграциялық үрдістер тұрғысынан қарағанда оңтайлы фактор болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қаржы нарығында депозиттерді және сақтандыру төлемдерін сақтандырудың біріктірілген жүйесін құру мәселесі қаралады.

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР

Қор өз қызметінде, әсіресе өзінің алдағы даму стратегиясын жүзеге асыру кезінде, келесі негізгі стратегиялық қағидаларды ұстанады:

Тиімді корпоративтік басқару және серіктестік

Қаржылық қызметтің ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, корпоративтік басқарудың білікті тәжірибесін көрсете білу, бұл Қордың жалғыз Акционеріне есеп беруі мен ақпаратты тиісінше және жеткілікті түрде ашу мен есептілікті жариялау жатады.

Операциондық дайындық және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

Қатысушы банктің мәжбүрлі түрде таратылуы жағдайында салымшыларға кепілдік берілген өтемдерді төлеу міндеттері мен өзіне жүктелген миссиясын тиімді және дер кезінде орындауға дайын болу. Сәйкес жүйелер мен үрдістердің тиімді әрі үздіксіз жұмыс істеуі, Қор қызметкерлерінің қажетті біліктілік пен білімге ие болуы, артылған міндеттерді орындау үшін тәуекелдерді болжау, бағалау және басқару мүмкіндігінің бар болуы, сондай-ақ, қажетті қаржылық, материалдық ресурстар мен еңбек ресурстарының, кепілдік берілген депозиттер бойынша банк реестрлерін жасау дұрыстығын тексеру және кепілдік берілген өтемді төлеу үрдісі бойынша автоматтандырылған жүйелердің бар болуы.

ДКБЖ мен салымдарды мемлекеттік қорғау туралы халықты тиімді хабардар ету

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін, оның жұмыс істеу тәртібі мен шарттарын халыққа түсіндіруге арналған халықты тиімді хабардар ету жүйесін жан-жақты дамыту, халықтың республиканың жалпы қаржы жүйесіне және оның ішінде банк секторына деген сенімін нығайту.

Активтерді оңтайлы пайдалану және инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру

Қордың жиынтық активтерін қаржы құралдарына дер кезінде инвестициялау. Қор өзінің міндеттерін тиімді түрде жүзеге асыру мақсатында Қор активтері мен олардың өтімділігін сақтап қалу шартымен арнайы резервтің тапшылығын азайтуға бағытталған тиісті табыстылық деңгейін қамтамасыз ету үшін қаржы құралдарының тізімін көкейтесті ету.

Ең үздік халықаралық тәжірибені есепке алу арқылы құқықтық ортаны жетілдіру

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуіне, кепілдік берілген өтем төлемдерін жүзеге асыруға, ең үздік халықаралық тәжірибені, халықаралық стандарттарды және сондай-ақ, әлемдік ағымдарды есепке алу арқылы дерменсіз банктерді реттеуге қатысты ұсыныстарды әзірлеу.

Серіктестік қатынастар мен халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру және кеңесшілерді тарту

Қор серіктестерімен - қаржы реттеушісі (Акционері), қатысушы банктер, ДСЖХҚ, халықаралық кеңесшілер және жеткізушілермен тиімді жұмыс істеу. Депозиттерге кепілдік беру жөніндегі дамыған ұйымдармен – Еуразиялық және Азия-Тынық мұхиттық аймақтық ДСЖХҚ комитеттерінің мүшелерімен өзара ынтымақтастық құру туралы Меморандумдарды және сонымен қатар, ҚР Ұлттық Банкімен ынтымақтастық құру және ақпарат алмасу туралы қосымша келісімдерді жасау. «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ алаңдары және Қордың Консультативтік кеңесі арқылы қатысушы банктермен белсенді диалог жүргізу.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ 2014-2016 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Банк секторы, оның негізгі мәуекелері

Банк секторы басқа экономика секторларының негізгі қаржыландыру көзі болып табылғандықтан, ол Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады. Дегенмен, экономиканың бұл секторы 2007-2009 жж. дүниежүзілік қаржылық дағдарыстан кейін әлі толықтай қалпына келген жоқ. Банк секторының негізгі тәуекелдері бұрынғыдай сапасы төмен несиелер қоржынының баяу өсу қарқыны болып табылады, соның нәтижесінде үмітсіз несиелер өте баяу түрде қайтадан берілген стандартты несиелермен алмастырылады, бұл банктерден баланстарды тазарту жұмыстарын белсендірек жүргізуді талап етеді. Қорландыру көзі ретінде тек ішкі депозиттерге сүйенуге болады, ол банктердің сыртқы соққыларға қарсы бекемділігін арттырса да, оларға ұзақ мерзімді жобаларды тиісті түрде қаржыландыру мүмкіндігін бермейді, ал бұл болса, экономиканың банкілік несиелендіру маңыздылығын төмендетеді. Негізінен қысқа мерзімге орналастырылған депозиттердің өсімі есебінен банктердің өтімділігінің жалпы деңгейі ұлғайды, бірақ банктердің капиталы мен активтерінің өтімділік көрсеткіштері төмен болып қалып отыр және көбінесе пайыздық емес табыстармен анықталады.

Жалпы алғанда, 2011 жылдан бастап, банк секторының өсу қарқыны байқалды, осылайша 2011-2013 жж. екінші деңгейдегі банктердің активтері 28,5% (+3430,2 млрд. теңге) шамасында 15,5 трлн. теңгеге дейін ұлғайды. Атап айтсақ, 2013 жылдың қорытындысы бойынша, банк секторының жиынтық активтері 1,6 трлн. теңгеге дейін

(немесе 11,5%-ға) ұлғайды. Негізгі өсім көзі банктердің корпоративтік клиенттері мен халықтың депозиттері көлемінің артуы болып табылды. Бұл өсім халықтың банк секторына деген сенімін білдіретінін айта кету қажет. Дағдарыс және дағдарыстан кейінгі жылдардың барлығында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде жеке тұлғалардың депозиттік қорының тұрақты өсімі байқалды. 2013 жылы олар 15%-дан астам шамаға өсіп, жалпы сомасы 3,9 триллион теңгеге дейін жетті.

Екінші деңгейдегі банктерде жиынтық несиелер қоржыны 2014 ж. басына дейін 13,3 трлн. теңгені құрады, оның 13,2 трлн. теңгесі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерге тиесілі. Қатысушы банктердің несиелер қоржынының өсімі 14,6% немесе 1,7 трлн. теңгені құрады.

Бірақ активтердің, соның ішінде несиелер қоржыны сапасының жалпы нашарлау қарқыны сақталып қала берді. Бір жыл бұрын жұмыс істемейтін несиелердің үлесі банктердің несиелер қоржынының 35,9% құраған болса, 2013 жылдың соңында оның үлесі 36,9% шамасына дейін ұлғайды. 2013 жылы стандартты несиелер екі есе немесе 1,7 трлн. теңгеге қысқарды, күмәнді несиелер 66%-ға, ал үмітсіз несиелер 1,8%-ға ұлғайды.

Ұлттық Банк 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап активтердің төмен сапасы мәселесін әрі қарай шешу мақсатында, ЕДБ несиелер қоржынындағы жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі үшін 10% деңгейінде ең жоғарғы шегін енгізеді.

Қазақстанның бөлшек депозит нарығы

2014 жылдың 1 қаңтарындағы ахуал бойынша жиынтық депозиттердің үлесі ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 73,6% құрайтындықтан, депозиттер екінші деңгейдегі банктерді қорландырудың негізгі көзі болып табылады. Жалпы алғанда, 2011-2013 жж. бойынша жиынтық депозиттер көлемінің ұлғаю қарқыны, яғни банктерді жалпы қорландырудағы үлестері (67,7%-дан 73,6% дейін) байқалуда, бұл банк секторына қолдау көрсету бойын-

ша жүзеге асырылған іс-шаралардың, соның ішінде бес миллион теңге деңгейінде кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасын тұрақты негізде сақтап қалу нәтижесінде халықтың банктерге деген сенімінің сақталып қалғанын білдіреді. Соңғы үш жыл ішінде халық салымдарының көлемі тұрақты түрде өсіп келе жатқандықтан, соңғы жылдағы өсім 15,6% немесе 534 млрд. теңгені құрап, 3,9 трлн. теңгеге жетті.

1- кесте. ЕДБ салымдарының қарқыны

	қаңт. 2011	қаңт. 2012	қаңт. 2013	қаңт. 2014
ЕДБ-дегі салымдар (млрд. теңге), соның ішінде:	6 851	7 799	8533	9 845
Жеке тұлғалардың ЕДБ-дегі салымдары (млрд. теңге)	2 251	2 764	3415	3 949
Кезең ішіндегі %-дық өзгеріс	16,2%	22,8%	23,6%	15,6%
Заңды тұлғалардың ЕДБ-дегі салымдары (млрд. теңге)	4 600	5 035	5118	5 896
Кезең ішіндегі %-дық өзгеріс	-21,5%	9,5%	1,7%	15,2%

Деректер көзі: ҚРҰБ, ЕДБ қаржылық көрсеткіштері

2014 жылдың 1 қаңтарындағы ахуал бойынша қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері туралы мәліметтерге сәйкес, тұрғындардың депозиттерінің құрамындағы ең үлкен үлесті (87%) жедел салымдар алған – олардың жиынтық сомасы 3,4 трлн. теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 494,1 млрд. теңгеге немесе 16,7%-ға өсу көлемін көрсеткен. Әрі қарай, жылдық өсімі 42,4 млрд. теңгені құраған ағымдағы және карт-шоттардағы ақша қалдықтары жиынтық депозит қоржынындағы 12% үлеспен орналасады. Талап етуге дейінгі салымдар сомасы жалпы депозиттер көлемінің тек 1%-ын, жалпы 36,2 млрд. теңгені (-0,4 млрд. теңге) құрады. Халықтың депозиттік қорының өсіміне, негізінен ірі жедел салымдардың (15 млн. теңгеден астам) шетелдік валютада 272,6 млрд. теңгеге (+33,1%) артуы се-

беп болған. Оған қоса, ірі жедел салымдардың таза жылдық өсімі (15 млн. теңгеден астам) аталған салымдардың 50,4 млрд. теңгеге аяуы есебінен 222,2 млрд. теңгені (14,9%) құрады. 5 млн. теңгеге дейінгі жедел салымдардың өсімі 18,4% (189,9 млрд. теңгені) құраса, 5-тен 15 млн. теңгеге дейін – 19,3% (82,1 млрд. теңгені) құрады.

2014 жылдың 1 қаңтарындағы ахуал бойынша ДКБЖ-не қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың бес миллион теңгеге дейін қоса алғанда шоттарының саны 99,6%, ал аталған депозиттердің көлемі 43,6% жетті.

Қордың болжамдары бойынша, ДКБЖ-не қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік қоры 2014-2016 жылдарда жыл сайын орташа есеппен 14%-ға артатын болады (1-қосымша).

Кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасының жеткіліктілігі

ДСЖХҚ-ның депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерінің Негізгі қағидаларының ұсыныстарына сәйкес кепілдік берілген өтем сомасы, шоттар саны бойынша толық өтелуі 90%-дан асатындай, ал депозиттердің жиынтық сомасы бойынша 50%-дан кем болатындай бекітілуі қажет. Кепілдік берілген өтемнің бекітілген сомасы 5 миллион теңге жағдайында осы сомадан аспайтын жеке тұлғалар шоттарының саны 99,6% құрайды, депозиттер сомасы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысатын барлық банктердегі жалпы салымдар мөлшерінің 43,6%-н (2014 жылдың қаңтарындағы ахуал бойынша) құрайды. Осы факті кепілдік берілген өтем сомасының көлемін арттыру қажеттілігінің жоқ

екенін дәлелдейді. Елдегі экономикалық ахуалға және депозит нарығының іргелі сипаттарына қарай кепілдік берілген өтем сомасы келешекте қайта қарастырылуы мүмкін.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «ҚР қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» жобасын дайындау аясында, «Банк жүйесінің тұрақтылығын арттыру» бөлігінде, депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру шаралары шеңберінде ДСЖХҚ ұсыныстарын есепке ала отырып, жеке тұлғалар салымдарының кепілдік берілген өтемдерін келешекте ұлғайту мәселесін талқылау қарастырылуда.

I. TIIMDІ KOPPATИBТІK БACҚAPY ЖӘНЕ CEPІKTECTІK

I.I. Қазақстан Республикасының Үлттық Банкімен (Акционер және өкілетті орган ретінде) және қатысушы банктермен өзара қарым-қатынас

Корпоративтік басқару мен серіктестіктің тиімділігін арттыру мақсатында, Қор 2007-2009 жылдарда бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Осылайша, Қор қызметін заңнама талаптарына сәйкестендіру үшін Қордың жұмыс істеу қағидаларын анықтайтын және Акционердің, Директорлар кеңесінің және Қордың атқарушы органының өзара қатынасын реттейтін Корпоративтік басқару кодексі әзірленіп, қабылданған болатын. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына тағы бір тәуелсіз директор енгізілді. Қазіргі уақытта Қордың Директорлар кеңесінің құрамына үш тәуелсіз директор кіреді.

Сондай-ақ, осы мерзім ішінде, ДКБЖ-не қатысушы банктерге қатысты Қор тарапынан қабылданатын шешімдердің келісімділігін арттыру үшін және сондай-ақ, банктердің ұсыныстарын тиімді түрде қарастырып, есеп-

ке алу үшін Қордың Консультативтік кеңесінің өкілеттіктері кеңейтілді.

Қордың негізгі қызметін жүзеге асырудағы серіктестері – ҚР Ұлттық Банкі және қатысушы банктер. Қордың Ұлттық Банкпен қарым-қатынасы өзара ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы Келісіммен реттеледі.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне банктердің қатысу шарттары Заң мен Қосылу шартымен бекітілген. Қордың Акционермен және өкілетті органмен, сондай-ақ, қатысушы банктермен өзара қарым-қатынасын жақсы деп сипаттауға болады, дегенмен, қарым-қатынастарды келешекте тереңдетіп және дамыта түсу әлеуетіне ие.

2011-2013 жылдардағы уәкілетті органмен өзара қарым-қатынас талдауы келесі мәселелерді шешу қажеттілігін көрсетті:

- Келісімнің шарттарын орындамау, қатысушы банктердің жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу үшін мәліметтерді беру мерзімдерін сақтамау;
- «БАТА» жүйесін және арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау Әдістемесін ары қарай жетілдіру үшін қатысушы банк туралы ақпараттар тізімін кеңейту;
- Кезекті өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін реттеуге және бірлесе талқылауды және келісуді қажет ететін Қор мүдделеріне қатысты НҚА тізімін жасау; сондай-ақ, банк секторын реттеуге қатысты НҚА-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде Қор пікірін есепке алу қажеттілігі;
- екінші деңгейдегі проблемалық банктер қызметінің мәселелері жөніндегі банктік қадағалау өкілдерімен бірлесе әрекет ету.

Қор Ұлттық Банк пен Қор арасындағы өзара ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімге, атап айтқанда, күнтізбелік жарналарды есептеу үшін мәліметтерді беру тізімін, процедураларын және мерзімдерін нақтылау бөліміне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы бастама көтерді. Келісімге 2014 жылдың наурыз айында қол қойылды.

Осыған байланысты, алдағы мерзім Қордың өкілетті органмен өзара қатынасын жақсартуға және ақпарат алмасу деңгейін жоғарылатуға бағытталатын болады.

Қордың басқару органдарының өкілеттіктерін нақтылау бойынша Қор Жарғысына өзгерістер енгізу.

Қор акционері ретінде ҚРҰБ алдында Қор бизнес-жоспарын (бюджетін) бекіту тәртібін оңтайландыру мәселесін бірнеше рет көтерген болатын.

Осылайша, Қор 2014 жылдың шілдесінде Қордың бизнес-жоспарларын Қордың Директорлар кеңесі тарапынан бекітуге қатысты ҚРҰБ БЕД көтерген мәселеге сәйкес, Қордың бизнес-жоспарының ҚРҰБ Директорлар кеңесінің мақұлдауынсыз Қордың Директорлар кеңесі тарапынан бекітілуі тек «ҚРҰБ туралы ережеге», «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР заңы мен Қор Жарғысына тиісті түзетулерді енгізу арқылы ғана мүмкін болатынын түсіндірді.

Сонымен қатар, Қор тарапынан ҚРҰБ жалғыз акционері болып табылатын акционерлік қоғамдардың бизнес-жоспарларын бекіту жөніндегі бөлек ережелерді әзірлеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

I.2. Ішкі бақылау нәтижелері

2010 жылғы тәуелсіз аудит қорытындыларына сай Қорға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып салықтық есеп саясатына өзгерістер және толықтырулар енгізуге, сондай-ақ Қор штатына мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маман енгізуге кеңес берілген. Орын алуы мүмкін бұзушылықтарды анықтау мақсатында және оларды Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкестендіру үшін Қор тарапынан барлық мемлекеттік сатып алулардың талдауы жасалған болатын, осыған байланысты 2011 жылы Қордың Заң департаментінің штатына, барлық мемлекеттік сатып алу процедураларын үйлестіретін мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маман қызметі енгізілді.

2011 жылдың тәуелсіз аудит қорытындыларына сай Қорға, салықтық есеп саясатына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өзгерістер және толықтырулар енгізуге кеңес берілген.

Қазіргі таңда Қордың міндеттері мен өкілеттіктерінде енгізілуі мүмкін өзгерістерге, сонымен қатар дағдарыс жағдайы туған уақытта іс-әрекеттерді орындауға дайындығы бөлігінде Қор корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін (АҚШ, Канада, Ресей) зерттеуде. Қор қызметіне байланысты қажетті шаралардың

қабылдануы жайлы ұсыныстар дайындалуда.

Тиімді корпоративтік басқарудың жекелеген мәселелері өзінің әрі қарай дамытылуын талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, ішкі нормативтік актілерді ұйғару, Қордың бизнес-жоспары мен бюджетті бекіту процедуралары олардың күрделілігіне байланысты көп уақыт алады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер нәтижесінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Акционер мен Қордың ДК өкілеттіктерінің бөлістірілуін қайта қарау үшін алғышарттар пайда болды. Осы орайда, Қор Жарғысына бірқатар тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Корпоративті басқару тиімділігінің әрі қарай артуындағы қосымша бір қадам ол депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қызметтері мен мақсаттары, құқықтары мен міндеттерінің анықталуы жөнінде, мысалы, арнайы резерв тапшылығы жағдайында балама көздерді қолдану, P&A («Purchase&Assumption»), Bridge-bank (тұрақтандыру банкі) тәрізді және т.б. таратуды оңтайландыра түсетін операцияларға қатысу жөнінде, Қор тарапынан депозиттерге кепілдік беру жүйесінің заңнамалық базасының қайта қаралуы болып табылады.

I.3. Халықаралық бауланымдардың қамуы

А) ДСЖХҚ депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерінің жаңартылған Негізгі қағидалары және 2015 жылғы осы қағидаға сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігін бағалау бойынша тиімді ДСЖХҚ Әдістемесі негізінде

Қор қызметінің қайта өзін-өзі бағалауын (self-assessment) жүзеге асыру. 2014 жылдың аяғы мен 2015 жылдың басы аралығында Қордың, ДСЖХҚ Негізгі қағидаларының мәтінін қайта қарау бойынша 2013 жылдың ақпан айында басталған ДСЖХҚ-ның

Басқарушы комитетінің жұмысына қатысуы жалғасуда. Негізгі қағидалар мен өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру әдістемесінің (2014 ж. соңына дейін деп күтілуде) жаңартылған мәтіні бекітілген соң, соларды негізге ала отырып 2015 жылы Қор қызметінің қайта кешенді өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруы жоспарлануда. Аталмыш өзін-өзі бағалау екінші рет Қор тарапынан, Қор қызметінде және депозиттерге кепілдік беру жүйесінде табылған кемшіліктер ескеріле отырып өткізіледі. Бұдан өзге осы негізде Қор өз қызметінің кейбір аспектілерінің динамикасы мен әлеуетінің жақсартылуын мұқият талдайды.

Б) Қордың, депозиттерге кепілдік беретін жекелеген шетел ұйымдарымен екі жақты ынтымақтастығының және оның ресімделуінің сапалы нығайтылуы. 2014 ж. 10 маусымында Қор Мәскеуде Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру Агенттігімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумына қол қойды. Меморандумға сәйкес тараптар Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасындағы салымдарды сақтандыру жүйелерін дамыту жайлы ақпараттармен алмасуды, сонымен қатар салымдарды сақтандыру, проблемалық қаржы институттарын сауықтыру және тарату, сонымен қатар екі жақтың да мүддесін білдіретін салаларда бірлесе отырып ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру бойынша қолданыстағы тәжірибелерімен алмасуды жүзеге асырады.

Аталған кезең ішінде Қор, ДСЖХҚ-ның болашақта өтетін түрлі шараларында Қор өкілдерінің олармен жеке кездесуге мүмкіндігі болатын ТМД елдерінің депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою арқылы, депозиттерді сақтандыратын шетелдік ұйымдармен екі жақты ынтымақтастықты айтарлықтай дәрежеде арттыру және ресімдеуді жоспарлауда.

Мұнымен бірге Қор осы тәрізді өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарды, тығыз қызметтік және достық

қарым-қатынастар орнаған ТМД-ның өзге де елдеріндегі депозиттерге кепілдік беру ұйымдарымен, атап айтқанда Әзірбайжан Республикасының депозиттерге кепілдік беру қорымен, Украинаның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қорымен, Беларусьтің депозиттерге кепілдік беру қорымен және т.б., жасасуды, сондай-ақ Корея, Малайзия және Жапондық депозиттерге кепілдік беру корпорациялары, Түркияның депозиттерді және жинақтарды сақтандыру Қоры секілді және т.б. дамыған, тәжірибелі депозиттерге кепілдік беру ұйымдарымен меморандумдарға қол қоюды жоспарлауда.

В) Қордың шетелдің депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен, сондай-ақ Қордың ДСЖХҚ-на қатысуы аясында ынтымақтастығының дамуы. 2015 жылдың екінші-төртінші тоқсандарында Алматы қаласында, Қордың 15 жылдығын алдағы атап өтуге орай, депозиттерді сақтандыру саласындағы өзекті тақырыпқа арнап халықаралық конференция немесе семинар өткізу жоспарлануда. Аталмыш шара арқылы дүниежүзінің түрлі географиялық өңірлерінің 20 шақты мемлекетінен шамамен 50-70 қатысушы шақыру, оның ішінде депозиттерді сақтандырудың жоғары дамыған жүйелерінен бірнеше атақты спикерлерді шақыру жоспарлануда. Бұл шара, Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы шеңберіндегі Қордың, әрі тұтастай алғанда халықаралық қауымдастықтағы Қазақстанның танылуын және мәртебесін айтарлықтай дәрежеде арттыруға арналған. ҚР Ұлттық Банк Төрағасынан осы шараны өткізуге және тиісті шығындар сметасын Қордың 2015 жылғы бюджетіне енгізуге келісім алынды.

Бұдан өзге Қордың депозиттерді сақтандыратын шетел ұйымдарымен және Азия даму банкімен, проблемалық банктердің дәрменсіздігін жою және оларды мәжбүрлеп тарату жөніндегі Қор міндетін дамыту үшін, осы ұйымдардан техникалық көмек пен кеңесшілер тарту бойынша әрі қарай ынтымақтастығы жоспарлануда.

2. АКТИВТЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қордың операциялық және инвестициялық қызметі Қор акционерімен бекітілген ішкі нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген.

Қор әр жыл сайын алдағы жылға бизнес-жоспар құрады, ол Қордың Директорлар кеңесімен бекітіледі. Ең үздік халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қор тиісті қаржыландыруды қажет ететін, Қордың алдағы кезеңінің стратегиялық мақсаттары, даму міндеттері және негізгі жобалары анықталатын дамудың аталмыш стратегиялық жоспары негізінде бизнес-жоспар әзірлеп, бюджетті қалыптастырады.

Қордың инвестициялық қызметі оның активтерін сақтауға және жоспарланған инвестициялық табыс деңгейін қамтамасыз ету арқылы өсуіне бағытталған. 01.08.2005 жылға дейін Қордың инвестициялық саясаты консервативті сипатта болды және Қор активтері тек ұлттық валютада ҚР Ұлттық банкінің депозиттері мен ноталарында, ҚР Қаржы министрлігімен айналысқа шығарылған мемлекеттік құнды қағаздарға инвестиция-

ланды. 2005 жылдың тамыз айынан бастап Қордың қаржылық құралдарының тізімі кеңейтілді, оған сәйкес Қордың инвестициялық стратегиясымен бекітілген қаржылық құралдар тізімі шегінде қазақстандық және халықаралық нарықтарда қаржылық құралдарды сатып алуға рұқсат берілген. Қордың инвестициялық қоржынының соңғы төрт жылдағы құрылымы №7 Қосымшада көрсетілген.

Қор, бұдан әрі активтердің өтімділігін қамтамасыз ету шартымен, тәуекел мен табыстылықтың оңтайлы арақатынасын таңдай отырып, активтердің барынша сақталуына бағытталған инвестициялау тұжырымдамасын қалыптастыруды көздеген Қор активтерін инвестициялау Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, аталмыш іс-шара инвестициялық стратегияны, қаржы нарығындағы жағдайлардың өзгерісін есепке ала отырып, қайта қарауға мүмкіндік береді.

2014 жылдың соңына дейін инвестициялаудан 22 млрд.

теңгеден кем емес табыс түседі деп жоспарлануда, бұл көрсеткіш өткен жылғы көрсеткіштен 61%-ға артық, ал Қордың бизнес жоспарындағы инвестициялаудан түсірілетін жоспарланған табыстан 73%-ға артық. Табыстың мұндай кенет өсімі АҚШ долларының теңгеге қатысты бекемденуіне байланысты туып отыр, нәтижесінде Қорда оң бағамдық айырма пайда болды.

2014 жылы Қордың қаржы активтерінің 15%-дан кем болмайтын өсімі жоспарлануда. Қаржы активтерінің артуы

тек қана инвестициялық қызметтен түскен қаражаттарды қайта инвестициялаудан ғана емес, сонымен бірге ДКБЖ-не қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының түсімі арқасында болып отыр.

Өткен жылдар тәжірибесіне сай, Қордың рентабельдігі ешқашан 100%-дан төмендеген емес, және жоғары табыстылық болжанғандықтан, жоспарланған кезеңде рентабельдік төмендемейді деп күтілуде.

Қордың 2014-2016 жылдарға арналған қаржылық көрсеткіштерінің болжамы №2-6 Қосымшаларда көрсетілген.

2.1. Кепілдік берілген өтемдік төлеуге арналған арнайы резерв

Мемлекет тарапынан жүйелік банктік дағдарысты жеңуге бағытталған шаралар қабылданды. Алайда жекелеген банктердің активтерінің сапасы, табыстылығы және т.б. кейбір көрсеткіштері өзгерісінің теріс динамикасы белгілі қауіптерді тудырады, өйткені олардың келешекте нашарлауы осы банктердің дефолтқа ұшырауына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты депозиттерге кепілдік беру жүйесін банктердің банкроттыққа ұшырауына дайын болуын қамтамасыз ету және соған сәйкес депозиторларға кепілдік берілген өтемдерді төлеу жөніндегі өзінің басты міндетін тиісінше атқару үшін қажетті шараларды қабылдау қажеттілігі орын алады.

Қордың арнайы резервте жиналған қаржылық ресурстары, 50%-дық жарғылық капиталды есепке алғанда 2014 жылдың 1 қаңтарында 242,9 млрд. теңгеге жетті, бұл сома депозиттер бойынша төленетін өтемнің жалпы сомасының 11,2% -ын құрады. Заңнамаға сәйкес арнайы резервтің мақсатты мөлшері жеке тұлғалар депозиттері сомасының 5%-нан кем болмауы тиіс, ал қазіргі уақытта аталмыш көрсеткіштің деңгейі 6,2%-ға тең.

Жыл ішінде Қордың арнайы резервінің өсіміне келесі

қайнар көздер арқылы қол жеткізілді: (1) бір жыл ішінде 25,2 млрд. теңгені құраған қатысушы банктердің тоқсан сайын аударып отырған күнтізбелік жарналарының жиынтық сомасы есебінен, (2) Қордың жарғылық капиталының 14,6 млрд. теңгеге дейін артуы есебінен, (3) банктердің тарату комиссиясы тарапынан қарызын өтеу үшін аударылған жалпы сомасы 0,7 млрд. теңге есебінен, сонымен қатар (4) арнайы резервті толықтырған 9,5 млрд. теңгені құраған таза табыс сомасы есебінен.

Кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасының шегінде жеке тұлғалардың депозиттік базасы бойынша кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы (қатысушы банктердің мәліметтеріне сәйкес) ағымдағы жылдың 1 қаңтарында 2 166,3 млрд. теңгені құрады (депозиттердің жиынтық сомасының 54,9% құрайды). Жылдық арту мөлшері 304,3 млрд. теңгені (немесе 16,3%) құраған, көбіне «С» және «D» топтарындағы депозиттік базаның өсуі (кепілдік берілген өтем лимиті шегінде) есебінен болды. «С» және «D» топтарының кепілдік берілген өтем сомаларының жалпы жиынтығындағы үлестері сәйкесінше 30% және 25% құрайды. 2014 жылдың 1-ші қаңтарындағы ахуал бойынша «С» тобы 14 банктен, ал «D» тобы 10 банктен тұрады.

2.2. Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау әдістемесі

Арнайы резерв тапшылығының орын алу тәуекелін азайту мақсатында, сондай-ақ қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары мөлшерінің мәнін анықтауды оңтайландыру үшін, депозиттерді сақтандыру саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибе арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау үшін арнайы әдістеме әзірлеуге және соны ұстануға кеңес береді.

2012 жылдан бері Қор арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау әдістемесін әзірлеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін, халықаралық тәжірибеде қолданылатын, арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау, оның ішінде банктердің дефолтқа ұшырау ықтималдығын анықтау бойынша түрлі әдістемелер зерттелді. Үлгі әзірленіп, түрлі сценарийлер негізінде арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау үшін көптеген есептеу-

лер мен сынақтар жүргізілді. 2013 жылдың ақпан айында Директорлар кеңесі арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтауға байланысты әдістемені мақұлдады.

Аталған әдістемеге сай 2013 жылға арналған арнайы резервтің мақсатты мөлшері депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік қорының 7,8%-дық деңгейі мөлшерінде анықталды. Ал арнайы қордың іс-жүзіндегі деңгейі 6,2%-ды құрады. 2014 жылға арналған ҚАР-нің болжамды деңгейі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік қорының 6,9% мөлшерінде белгіленді.

Жуық арада Қор Директорлар кеңесінің талқылауына Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау жөніндегі ережелерді ұсыну жоспарлануда.

3. ҚОРДЫҢ ОПЕРАЦИОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қордың операциялық қызметі оның сақтандыру жағдайының орын алуына дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешуге, сондай-ақ Қордың тәуекелдері мен әлеуетті шығындарын азайтуды бағдарлаған жобаларды дамытуға бағытталған.

3.1. Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу механизмін жетілдіру

Қор, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым ретінде, Заңда қарастырылған жағдайлар мен тәртіп бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша міндеттемелерді тиімді етіп орындау үшін, Қор, қолданыстағы нормативтік база аясында банктерде, олардың кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша әзірлеген дерекқорларының Қор талаптарына сәйкестігін тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бұл шара банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ақпараттардың толықтығын, дұрыстығын және сапасының жақсартылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2009 жылдан 2013 жылға дейінгі аралықта Қор тарапынан 33 банкте кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша әзірлеген дерекқорларын тексеру жүргізілді, оның ішінде 12 банкте табылған сәйкессіздіктердің банктер тарапынан жойылғандығын растау мақсатында қайта тексеру жүргізілді.

Банктердегі кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша дерекқордың тексерілуі Қор тарапынан 2011 жылы жасалған «SalT Inspect» (бұдан әрі – «SalT Inspect» АЖ) ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Аталған бағдарламалық өнім, Қорға депозиттер бойынша дерекқорлардың сапасын жылдам тексеруге, сонымен қатар табылған қателердің негізінде жекелеген банктің автоматтандырылған банкілік ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - АБАЖ), осы жүйеге ақпарат енгізу барысында банк қызметкерлері тарапынан операциялық қателердің жіберілуін болдырмау қабілеттілігін талдауға мүмкіндік береді.

«SalT Inspect» АЖ қолдану барысында Қор кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу дерекқорының экспортталуы бөлігінде шешімі АБАЖ мүмкіндігін жетілдіруді талап ететін бірқатар қиындықтарға кезікті. Осылайша, 2012 жылы Қор, банктердің АБАЖ-нен толықтай (бөлшек түрде емес) XLS үлгісіндегі кең көлемді дерекқорды экспорттау мәселесіне қатысты қиындыққа тап болды. Банктердің дерекқорларының тұтастығын бұзу, бұл деректердің банктер тарапынан қате экспортталуына, ал Қордың бағдарламалық өнімі тарапынан қате өңдеуге әкеп соғуы мүмкін еді. Бұдан басқа банктердің АБАЖ-нің депозиттер бойынша ақпараттардың банктің бірнеше клиенті бойынша таңдау арқылы экспорттау мүмкіндігі болмады (тек қана барлық клиенттер бойынша). Осыған байланысты мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы, тізілімге бір немесе бірнеше салымшыларға қатысты өзгерістер/толықтырулар енгізетін болса, Қорға тізілімнің

барлық клиенттерді қамтитын толық нұсқасын жіберіп отырар еді, ал бұл өз кезегінде агент банктің кепілдік берілген өтемді төлеу барысындағы жұмысын әлдеқайда қиындатып жіберер еді. Сондықтан, Қор банктердің АБАЖ-не дерекқорларды экспорттауға байланысты қоятын талаптарын өзгерту жайлы шешім қабылдады. Банктердің АБАЖ-не қойылатын жаңа талаптарға сай, бұл жүйе кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша дерекқорды арнайы бағдарламалық интерфейс арқылы XML үлгісінде, әрі банктің барлық клиенттері бойынша, әрі берілген параметрлерге сай бір немесе бірнеше клиенттерді таңдау арқылы экспорттау мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Банктердегі кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша дерекқорларының сапасын арттырудағы келесі бір қадам, оларға өздігінен тестілеуді өткізу үшін «SalT Inspect» АЖ-ін беру болды. 2013 жылы 3 банктің ресми өтінішіне сәйкес, олардың жабдықтарына «SalT Inspect» АЖ-і орнатылды. Банктерге «SalT Inspect» АЖ-ін беру олардың дерекқорларының сапасын арттырудан басқа, тағы бағдарламалық өнімін, «SalT Inspect» АЖ-де өз депозиттері бойынша ақпараттарын тестілеуден өткізіп жатқан банктерден түскен ескерту және/немесе ұсыныстар арқылы мәліметтерді өңдеу жылдамдығы мен тиімділігі бөлігінде жетілдіруге мүмкіндік береді.

2011 жылдың соңынан бастап Қор, банктерді мәжбүрлеп тарату жағдайы орын алғаннан соң Қордың жұмыс істеуіне және төменде көрсетілген процестерді автоматтандыруға арналған «SalT Payout» (бұдан әрі – «SalT Payout» АЖ) ақпараттық жүйесін әзірлей бастады:

- мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан алынған мәліметтерді тіркеуге алу және сапасын тексеру;
- агент банктен алынған кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша есебін тіркеуге алу және сапасын тексеру, қате төлемдерді табу;
- агент банк тарапынан Қорға ұсынылған, кепілдік берілген өтемнің дұрыс төленгендігін растайтын құжаттардан құралған сапа бақылауы қорытындыларын және толықтығын тіркеуге алу;
- жүйеге жүктелген ақпараттарды талдау және статистикасын шығару мақсатында есеп қалыптастыру.

Жоспарланған кезеңде Қордың кепілдік берілген депозиттер бойынша ақпарат сапасының жақсартылуы жөніндегі басым міндеті, банктерде өздері әзірлеген кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу дерекқорының, Қосылу шартында қарастырылған Қордың бірыңғай талаптарына сәйкестігін тексеру болып

табылады. Осы орайда аталмыш тексерулердің барлық қатысушы банктерді қамтуы үшін, Қор тарапынан «SalT Inspect» АЖ-ін одан әрі жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылады, сонымен қатар бұл жүйе банктердегі тексеруді жүргізу тәртібін оңтайландыру мен барлық банктердің аталмыш дерекқорлардың тексерілуімен қамтылуына бағытталады.

Қор, банктердің өздері әзірлеген кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу дерекқорларының сапасын арттыру мақсатында, банктерге «SalT Inspect» АЖ-ін беру және оны олардың жабдықтарына орнату бойынша жұмысын жалғастырады.

Қордың, 2014 жылдың екінші жартысында кепілдік берілген өтемді дер кезінде және тиісінше төлеуге операциялық дайындығын қамтамасыз ету үшін, Қор тарапынан, Қордың мәжбүрлеп таратылған банк салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуге дайын екендігіне және төлемдерді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың сәйкестігіне стресс-тестілеуді өткізу жоспарлануда. Өткізілген стресс-тестілеудің қорытындыларына сай, кепілдік берілген өтемдерді төлеу механизмін жетілдіру бойынша шаралар қабылданады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемдерді төлеуге қатысты Қор міндеттемелерінің оперативті және тиімді атқарылуы үшін, Қор тарапынан, Қордың өзге бөлімшелерінен, кепілдік берілген өтемдерді төлеуді ұйымдастыру және жүргізу технологиясы бойынша білім алуы үшін, резервтегі қызметкерлер құрамы қалыптастырылады.

Салымшылардың мүдделерін қорғау, кепілдік берілген өтемдерді төлеу процедураларының тиімділігін арттыру және жүктелген міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау мақсатында, Қор Қазақстан Республикасының нормативті-құқықты актілеріне және сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлауда:

- банк құпиясы болып саналатын мәліметтерге қол жеткізуге қатысты Қордың өкілеттілігінің кеңейтілуі, сонымен қатар банктердегі АБАЖ-нің Қор талаптарына сәйкестігін орнату шараларын өткізу аясындағы Қор өкілеттілігінің кеңейтілуі,
- кепілдік берілген өтемдерді төлеу барысында

салымшыларға ұсынылатын құжаттардың жүйелендірілуі (шарттардың түпнұсқасын ұсыну және т.б. жөніндегі талаптар),

- депозиттерге кепілдік беру және біріктірілген банктердің (екі немесе одан көп банктердің бірігуі) мәжбүрлеп таратылуы жағдайында кепілдік берілген өтемдердің төленуіне қатысты мәселелердің реттелуі.

Бұлардан басқа Қор, кепілдік берілген өтемді төлеу кешіктірілген жағдайда, өз депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемді салымшыларына аванстық және аралық бөлшектелген төлемдер жасау механизмін жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды жоспарлауда.

Сонымен қатар Қор, агент банк тарапынан немесе Қор тарапынан салымшыларға кепілдік берілген өтемдер төлемдерін жүзеге асыруға қатысты барлық қажетті процедуралардың тиімділігін бағалау үшін тәуелсіз аудитордың/кеңесшінің тұрақты негізде тарту мүмкіндігін зерттеуде.

2016 жылдың соңына дейін Қор, Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы және Базельдік банктік қадағалау комитетімен бекітілген депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкес салымшыларға кепілдік берілген өтемдерді төлеуді бастау мерзімін 14 жұмыс күнінен 3 күнтізбелік күнге дейін кезең-кезеңмен қысқарту мәселесіне қатысты ең үздік әлемдік тәжірибені қолдану мүмкіндігін қарастыруды жоспарлауда.

Бұған қосымша агент банкке кепілдік берілген өтемдерді төлеу бойынша, чектерді, дебеттік төлем карталарын шығару, салымшының банк шотына ақша аударымдары арқылы ақшасыз төлемдер жасау және т.б. секілді балама әдістерді енгізу мүмкіндігін зерттеу жоспарлануда. Сондай-ақ, сақтандыру жағдайына тап болған банкке қатысты, осы банктің операциялық жүйесін қолдану арқылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі, сонымен қатар кепілдік берілген өтемдерді бұдан да оперативті түрде жүзеге асыру мақсатында бірнеше агент банктерді пайдалану қарастырылады.

Бұдан басқа агент банктерге/салымшыларға салымшылардың онлайн тізімдемесіне қол жеткізуді ұсыну мүмкіндігі және нақты уақыт режимінде кепілдік берілген өтемді төлеу мониторингін жүзеге асыру мүмкіндігі де қарастырылады.

3.2. Арнайы резервті қалыптастыру процедураларын қамыту

Қордың депозиторлар алдындағы өз міндеттемелерін дер кезінде орындауы үшін жеткілікті деңгейдегі арнайы резерві болуы қажет. Заңға сәйкес, арнайы резервті қалыптастырудың негізгі көздері мыналар:

- қатысушы банктердің жарналары;
- қатысушы банктерден қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін алынатын айып төлемдері;
- төленген кепілдік берілген өтем сомалары бойынша, мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктен Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша;
- Қор активтерін орналастырудан алынған инвестициялық табыс;
- Акционердің шешімі бойынша Қордың жарғылық

капиталының 70%-ға дейінгі трансферттері.

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап, арнайы резервті қалыптастыру үшін Қордың жарғылық капиталының Заңның ескі мәтінінде көрсетілгендей 50%-ы емес, 70% пайдаланатындығы жайлы Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді. Сондай-ақ, 2014 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» ҚР Заңының 99-бабы 1-тармағы 16-шы тармақшасына сәйкес, арнайы резервтің активтерін инвестициялаудан түскен және оның артуына бағытталған Қордың инвестициялық табысы салық төлеушілердің жылдық жиынтық табыстарынан шығарылуы тиіс.


2013 жылы Қордың жарғылық капиталы 14,64 млрд.

теңгеге көбейді. Аталмыш шара Қордың қаржылық позициясын және өз міндеттерін атқаруға қатысты дайындық деңгейін едәуір дәрежеде бекемдеді. Қордың арнайы резервінің артуына жол ашатын, қатысушы банктерден қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін алынатын айыптар мен төленген кепілдік берілген өтем сомалары бойынша, мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктен Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақшалар секілді

қайнар көздер тұрақсыз және сомасы да аз болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету және депозиторлардың мүддесін қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес, 2014 жылы Қордың жарғылық капиталын 10%-ға, яғни 16,1 млрд.теңгеге арттыруды жоспарлап отыр.

2011-2015 жылдардағы Қордың жарғылық капиталының өсуі



Арнайы резервті құратын активтерді инвестициялаудан түскен таза инвестициялық табыс есебінен Қордың арнайы резервін қалыптастыру мәселесіне жеке назар аудару қажет. Қордың инвестициялық активтері, оның ішінде арнайы резерв активтері және өз активтері, Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес ҚРҰБ-мен басқарылады.

Сонымен бірге, Қордың инвестициялық қоржыны консервативті болып табылады, ал бұл дегеніміз, төмен табыстылықпен ерекшеленеді деген сөз, себебі ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары және АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері есебінен қалыптасқан. Осыған орай, Қор келешекте инвестициялық қызметтен түсетін табысты арттыру, сондай-ақ арнайы резервті анағұрлым тиімді етіп қалыптастыру және оның тапшылығын алдын алу мақсатында, Қор активтерін сақтауды қамтамасыз етуді есепке ала отырып, Қор активтерінің есебінен сатып

алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімін кеңейту мүмкіндігін қарастырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қор активтерін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында, Қор активтерін инвестициялау мәселелерін алқа ішінде талқылауға байланысты сенімгерлік басқарушымен (ҚРҰБ) өзара әрекеттесу институтын - инвестициялық комитетті енгізу мәселесі қарастырылады. Аталған комитетте Қор активтерінің, онымен тікелей келісім-шарт жасаудан бұрын инвестициялауға қатысты сұрақтар қарастырылады.

Сондай-ақ, арнайы резерв активтерінің сақталуын қамтамасыз ету және оның мөлшері жайлы өзекті ақпаратқа тұрақты негізде қолдау көрсету үшін, Қор тарапынан арнайы резервті және Қордың өз активтерін қалыптастыратын активтердің есебін бөлек жүргізу енгізіледі.

3.2.1. Арнайы резерв тапшылығын қаржыланқырудың бапама көздері

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің тиімді қызмет атқаруы және қоғамдағы оған деген сенімге қолдау көрсету үшін, Қордың қосымша қаржыландыру көздері болуы тиіс. ДКБЖ-не қатысушы банктің мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қордың арнайы резервінің тапшылығы, Қор шығындарының едәуір деңгейде артуы

ына және банк салымшыларына кепілдік берілген өтем төлемдерінің кешіктірілуіне әкеп соғуы ықтимал, ал бұл жағдай халықтың банк жүйесіне деген сеніміне нұқсан келтіруі әбден мүмкін.

ДКБЖ-не қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда өтем төлемдерінің тиісінше орындалуы мақса-

тында, Қор қаржыландырудың ықтимал балама көздерін зерттеді.

Сонымен қатар, Қор келешекте өтем резервінің тапшылығын қорландырудың төменде көрсетілген қосымша әдістерін қолдану мүмкіндігін қарастыруды жоспарлауда:

- Борышқорлық құнды қағаздардың (облигациялар) және CDs (несиелік деривативтер) шығарылуы;
- Қатысушы банктің таратылуына қатысты туындайтын ҚДКБҚ тәуекелдерін сақтандыру.

Қордың борышқорлық құнды қағаздарды (облигацияларды) шығаруы

Жапония, Корея, Канада (нарық шартына қарай) және Филиппин, Мексика, Австрия, Таиланд, Польша секілді депозиттерге кепілдік беру ұйымдарында резервтің тапшылығын борышқорлық құнды қағаздар шығару арқылы қаржыландыру қарыз алудың қалыпты әдісі болып табылады. Кейбір мемлекеттер облигацияларды тек үкімет кепілдік берген жағдайда ғана шығарады.

Қазіргі таңда облигациялардың шығарылымы және айналымы ҚР Азаматтық Кодексімен, «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Секьюритизациялау туралы» ҚР Заңдарымен және өзге де заңға тәуелді нормативтік актілермен реттеледі.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес, депозиттерге міндетті кепілдік беретін ұйым, ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам ретінде құрылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

ҚР АҚ 136 бабына сәйкес, облигация - шығару кезінде айналым мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналым мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүлктік балама түрдегі номиналды құнын алу құқығын куәландыратын құнды қағаз болып табылады. Облигацияларды шығаруға Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, коммерциялық ұйымдар құқылы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес, ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам ретінде құрылған коммерциялық емес ұйым облигациялар мен өзге де құнды қағаз түрлерін шығаруға құқы жоқ.

Атылғандарды ескерсек, Қор облигацияларды шығару құқығына ие болуы үшін, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Қор борышқорлық міндеттемелерді (облигацияларды) үш түрлі әдіспен шығара алады: 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігінсіз Қордың облигацияларды шығаруы, 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген кепілдік бойынша облигация шығару, 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі бойынша облигация шығару.

Қор тарапынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігінсіз шығарылған облигациялар тартымдылығы төмен қаржы құралы болып табылады, себебі Қордың ол

бойынша дефолтқа ұшырау тәуекелі артады. Осыған байланысты, кредиторларды тарту үшін, аталмыш тәуекел Ұлттық Банк нотасы мен мемлекеттік құнды қағаздарымен салыстырғанда жоғары табыстылық деңгейімен есесін қайтарып, сондай-ақ инфляцияның ресми деңгейін жабуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігінсіз шығарылған Қордың облигациялары тартымдылығы төмен қаржы құралы болып табылады, өйткені олар бойынша Қордың дефолтқа ұшырау тәуекелдігі жоғарылайды. Осыған байланысты, кредиторларды тарту үшін аталған тәуекелдік табыстылық деңгейі Ұлттық Банк ноталары және мемлекеттік құнды қағаздар бойынша жоғары табыстылық деңгейінен жоғары және инфляцияның ресми деңгейін жабатындай болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кепілдігімен шығарылатын Қордың құнды қағаздары бойынша тәуекел аз, өйткені олар бойынша міндеттемелерге кепілдік берілген және сәйкесінше бірінші жағдайға қарағанда табыстылығы да төмен болады.

Қордың облигацияларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдік беруі арқылы шығаруы үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі - ҚРБК) тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Осыған орай, ҚРБК-нің 213, 214 және 215 баптарында қарастырылғандай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, тәуелсіз) кепілдігі, республикалық бюджет заңымен белгіленген лимиті шегінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысы негізінде беріледі.

Сонымен бірге, Үкіметтен кепілдік алуға, ҚРБК-нің 216 бабында көрсетілген талаптарға жауап бере алатын заңды тұлғалар да талаптана алады. Қордың кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтындығын және инвестициялық жобаларды жүзеге асырмайтындығын ескерсек, ҚРБК қолданыстағы нормаларына сай, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігіне ие бола алмайды. Қазақстан Республикасы Үкіметі, мемлекеттік кепілдік алуға үміттенген тұлғаларға, мемлекеттік емес несиенің шарттарына және инвестициялық жобаның тәуекеліне байланысты қосымша талаптар қоя алады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, облигациялар шығару арқылы арнайы резерв тапшылығын қаржыландыратын Қордың бұдан кейінгі шаралары Қордың борышқорлық құнды қағаздарды ықтимал шығарылуын заңнамалық тұрғыда реттеуге бағытталады

Шетелдік сақтандыру ұйымдарында кепілдік берілген өтемдерді төлеу бойынша Қор тәуекелдерінің сақтандырылуы.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Сақтандыру туралы Заң) сәйкес, Қор - Қазақстан резиденті болып табылатын сақтандыру ұйымында, Қордың мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемдерді төлеу мүмкіндігіне байланысты өзінің мүлктік мүдделерін сақтандыру құқығына ие.

Көрсетілген тәуекелдердің шетелдік сақтандыру ұйымдарында Қор тарапынан сақтандырылуына тыйым салынған, себебі сақтандыру туралы Заңының 5-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы аймағында орналасқан заңды тұлға мен оның оқшауландырылған бөлімшелерінің,

сонымен қатар Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғалардың мүлдіктік мүдделерін тек қана Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру ұйымы ғана сақтандыра алады.

Мұнымен бірге, Қор тәуекелдерін сақтандыратын сақтандыру ұйымы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын шетелдік сақтандыру ұйымында қайта сақтандырылу құқына ие.

Осыған байланысты, Қор тарапынан, салымшылар алдындағы Қор жауапкершілігін ірі жергілікті сақтандыру компанияларының бірінде сақтандыра отырып, осы жауапкершілікті одан әрі 10-20 млрд.теңгелік соманы жабуымен шетелдік сақтандыру ұйымында қайта сақтандыруды жүзеге асыру мүмкіндігін табу бойынша жұмыстар жүргізілді. Алайда жүргізілген жұмыстар нәтижесінде белгілі болғандай, дамушы елдерде қаржы тәуекелдерінің қайта сақтандырылуы, қаржы

институттарының дефолтқа ұшырау ықтималдылығының жоғары болғандығынан ұтымсыз болып табылады екен. Сақтандыру нысанын бағалау үшін, шетелдік қайта сақтандырушыға Қазақстанның дербес рейтингімен қатар нақты қаржы институтының да рейтингін есепке алу қажет екен.

Сондықтан, Қор ДҚБЖ-не қатысушы банктердің дерменсіздігіне қатысты Қордың тәуекелдерін сақтандыру, сонымен қатар шетелдік сақтандыру ұйымдары арқылы тәуекелдерді тиімді етіп аудару мүмкіндігін зерттеу бойынша осы бағыттағы жұмыстарын әрі қарай жүргізуді жалғастырады.

Бұған қоса, Қор арнайы резерв тапшылығы орын алған жағдайда, қатысушы банктердің Қорға техникалық және адам ресурсы жағынан көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылады.

3.3. ДҚБЖ-не қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін қамыту

БАТА» (бұдан әрі – «БАТА» СМЖ) міндетті күнтізбелік «Жарналарының сараланған мөлшерлемесін есептеу жүйесі, қаржылық жағдайын және қаржы институттарының тәуекелдері көрінісінің адекватты түрде бағалануы үшін Қор тарапынан 2007 жылы енгізілді. Күнтізбелік жарналарының мөлшерлемесін есептеу барысында, сан және сапа индикаторлары қолданылады, есептеулер нәтижесінде қатысушы банктердің жіктеу топтары анықталады. «БАТА» СМЖ-де әрқайсысының сәйкесінше өз жарна мөлшерлемесі бар алты жіктеу топтары бар және банктің қаржылық тұрақсыздығы мен тәуекелінің дәрежесі неғұрлым жоғары болса, оның күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады.

Осы жүйенің негізгі сипаттамаларының бірі, ол оның қатысушы банктер үшін транспаренттігі және берген рейтингінің құпия түрде сақталуы.

Қор, қатысушы банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сонымен қатар, отандық банк секторы жағдайында, банкілік заңнамада және реттеуші орган тарапынан бекітілетін қаржы есептілік үлгілерінде орын алып жатқан өзгерістерді де ескере отырып, жарналарының сараланған мөлшерлемесін есептеу әдістемесін үнемі қайта қарап отырады. Осылайша, 2011 және 2013 жылдары Қор, қатысушы банктер мен реттеуші органдардың тиісті ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеуді кешенді қайта қарау бөлігінде «БАТА» СМЖ-н түрлендіру және жетілдіру жұмыстарын атқарды. Қор коэффициенттер мен олардың шектік мәнін тестілеуден өткізді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде, сандық және

сапалық индикаторларды, оның ішінде, әсіресе капиталдың адекваттығының көрсеткіштерін, активтер мен табыстылықтың сапасын қамтитын міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сонымен қатар Q-6 (қатысушы банк қызметінің тиімділігін бағалау) жаңа индикаторы енгізілді, сандық және сапалық индикаторлардың балдық жүйесі қайта қаралды және де банктер үшін, депозиттер бойынша ұсынылған ең жоғары мөлшерлемеден де жоғары сыйақы мөлшерлемесін ұсынатын алтыншы арнайы “S” жіктеу тобы енгізілді.

Жалпы алғанда, өзінің қызмет етіп келе жатқан 7 жыл ішінде «БАТА» СМЖ сапасы жағынан жақсартылды және қатысушы банктерді тәуекелдерінің дәрежесіне және анағұрлым тиімді басқару мен өзінің қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ынталануына қарай жіктеу бойынша тиімділігін көрсетті.

2015 жылы Қор «БАТА» СМЖ-ны, оның ДҚБЖ-не қатысушы банктерінің күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемесін есептеу әдістемесін кешенді қайта қарауды уәкілетті органның екінші деңгейдегі банктерді қадағалау қызметінің қорытындыларымен, оның ішінде ерте елеу жүйесімен, банктерді инспекторлық тексеру/CAMELS банктердің қаржылық көрсеткіштерін есептеуді реттеуші жүйенің нәтижелерімен бірлестіру арқылы кезекті модификациялау және жетілдіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлауда. Осы мақсаттарда және де Қорға ұсынылатын мәліметтер тізімінің кеңейтілуі мәселесі жайлы ҚРҰБ-нен тиісті кеңестер алу болжануда.

3.4. Арнайы резервті қалпына келтіру бойынша Қор қызметтерін жүзеге асыру

Қор арнайы резервті қалпына келтіру бойынша тарау комиссиясының құрамына кіру және Кредиторлар

комитетінің жұмысына қатысу арқылы өз қызметін жүзеге асырады.

2005 жылдан бастап «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату өндірісі жүзеге асырылуда және Қор оның Кредиторлар комитетінің мүшесі болып табылады. Бүгінгі күні тарату комиссиясы Қордың төлеген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша 88% талаптарын қанағаттандырды. Банк борышқорының соңғы ірі кепілзаттық мүлігін (синтетикалық жуғыш заттарды өндіру зауыты) сату, 3-ші кезектегі кредиторлардың (банк салымшылары мен Қордың) қарызын толықтай жабуға мүмкіндік береді, алайда бұл мүліктің 2014 жылы сатылуының ықтималдылығы өте төмен.

2007 жылдың 1 наурызында «Валют-Транзит Банк» АҚ-ын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енді. Қор «Валют-Транзит Банк» АҚ Кредиторлар комитетінің мүшесі болып табылады, сондай-ақ Қор қызметкері де банктің тарату комиссиясының құрамына кіреді. 01.08.2014 ж. ахуалға сай «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясы Қор талаптарының 60,57%-ын қанағаттандырды. 2014 жылдың соңына қарай Қор талаптарын қанағаттандыру ықтималдылығы 63%-ды құрайды.

2012 жылдан бастап 2013 жылға дейінгі кезеңде Қор қызметкерлері:

- ҚҚҚ мен ҚРҰБ-нің ҚР Заңнамасына тұрақтандыру банкін құру және жұмыс істету мәселесі бойынша өзгерістерді енгізуге қатысты ұсыныстарды әзірлеу бойынша Жұмыс тобының жұмысына;

- ҚҚҚ мен ҚРҰБ-нің банктерді сауықтыру және тарату Тұжырымдамасын әзірлеу бойынша Жұмыс тобының жұмысына;

- ҚРҰБ Басқармасының қаулысына сай «Екінші деңгейдегі банктердің консервация режимін пайдалану (орнату) және банктің активтері мен консервация кезеңінде жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы міндеттемелерін және сондай-ақ, көрсетілген операцияны орындау барысында активтер мен міндеттеме түрлерін басқа банкке (банктерге) бөлшектеп немесе толықтай бір уақытта беру операцияларын өткізу ережелері» жобасын әзірлеуге;

- ҚҚҚ мен ҚРҰБ-нің «Валют-Транзит Банк» АҚ таратуда қиындық туғызып отырған мәселелері бойынша Жұмыс тобының жұмысына.

Жоспарланған кезеңде Қор, әлемдік тәжірибе негізінде, проблемалық банктерді тарату және тиімді етіп қайта құрылымдауға байланысты алдыңғы қатардағы рәсімдерді енгізуге қатысты ұсыныстарды жасап шығаруға өзінің күш-жігерін шоғырландыруды көздеп отыр. Сонымен бірге, рәсімдік негіздерді анықтау және шамамен 2016-2018 жылдарға қарай банктерді сауықтыру/реттеуге қатысты (P&A, тұрақтандыру банкі, банк қарызын мәжбүрлеп акционерлік капиталға аудару механизмі және тағы басқа) шараларды қарастыру бойынша банк заңнамасын жетілдіру мәселесі де қаралады.

3.5. Қор қызметін құқықтық қамтамасыз ету және әдістемелік жұмыс

3.5.1. Жекелеген бизнес-процестер бойынша ішкі процестер арқылы қайындару

Қазақстанның қаржылық жүйесінің тұрақтылығын, депозиторлардың – жеке тұлғалардың Қордың кепілдік берілген депозиттерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қор, келесілерді әзірлеу және бекіту шараларына қатысты:

- 2011 жылы - қатысушы банктің барлық банкілік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылуы немесе оқшаулау жағдайында жүзеге асырылатын Қор іс-шараларының жоспары;
- 2011 жылы - қаржы құралдарын тіркеуге алу ережелері;
- 2012 жылы – мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемдерді төлеу ережелері.

Қор Акционерінің шешімі бойынша 2012 жылы Қор Жарғысына қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, олар Қордың қызметіне, Қордың құнды қағаздарын ұстаушылары реестрін жүргізуге және сақтауға, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттерін құруға және қарыз беру туралы шешім қабылдауға қатысты болды.

2014 жылы «Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру ту-

ралы» ҚР Заңына және ҚР Салық Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілгендіктен Қордың есеп саясаты және салықтық есеп саясатына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар басталды.

Қор тарапынан Қорда қорғалуға жататын мәліметтердің, соның ішінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәліметтердің сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету нұсқаулығына өзгертулер енгізу туралы шешім қабылданды. Қор қызметінің қауіпсіздігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында, форс-мажорлық жағдайда ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету процесін, сонымен қатар, жабдықтардың техникалық ақаулықтары журналын жүргізу, желілік және бағдарламалық жасақтау жұмыстары бойынша нұсқаулық жүргізу процестерін реттейтін процедураларды дайындау жоспарлануда.

Қор тарапынан, 2014-2016 жылдарда ДҚБЖ жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында төменде көрсетілген Қор ішкі нормативті құжаттарды әзірлеу немесе өзгертулер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда:

1. Жеке тұлғалардың қайта тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемесінің көлемін анықтау және белгілеу әдістемесі.
2. Қор қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында

Акционер мен өзге органдардың және Қордың лауазымдық тұлғаларының арасындағы, сондай-ақ, Қор мен үшінші тұлғалар арасындағы іскерлік әдептің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету үшін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметкерлерінің іскерлік әдебінің кодексі».

3. ҚРҰБ ІАД ескертпелеріне сәйкес «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу процедураларын жүргізу тәртібі туралы нұсқаулығына түзетулер енгізу.
2013 жылы Қор тарапынан аталған Нұсқаулыққа Қордың ұйымдық құрылымындағы өзгерістерге қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.
4. Қаржы құралдар есебін жүргізу жөніндегі ережелерді қайта қарастыру.
5. Есеп саясаты (ҚРҰБ ІАД-нің ұсынымдарына сәйкес).
6. Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, сондай-ақ, Инсайдерлік ақпаратты ашу ережелерін сақтау үшін Қор қызметіне қатысты болып, көпшілікке қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты (инсайдерлік ақпаратты) ашу тәртібі мен шарттары туралы ережелер.
7. Қордың негізгі және басқа қызметтерімен байланысты бірқатар міндеттерді атқару үшін Қордағы электронды құжат айналымы жүйесін енгізу.
8. Қордың ақпараттық қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар туралы ережелер.

Ақпаратты өңдеудің, жөнелтудің және жинақтаудың заманауи әдістері соңғы тұтынушыларға жіберілген немесе оларға тиесілі болған деректерді жоғалтып алуға, олардың бұрмалануына және ашылуына қатысты қауіптердің пайда болуына себепші болды. Осыған байланысты, Қордың компьютерлік жүйелері мен желілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қор тарапынан Қордың ақпараттық жүйелері мен ақпараттық қауіпсіздігінің жұмысы бойынша ішкі процедураларды әзірлеу белгіленді (Ақпараттық қауіпсіздік саясаты). Қор тарапынан 2014 жылдың екінші жартысында Қордағы ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар қызметін реттеу жөніндегі Қор ІНҚ әзірлеу жоспарлануда.

ҚРҰБ ІАД аудиторлік қорытындысына сәйкес, көпшілікке қолжетімді болып табылмайтын ақпараттың жайылып кетуін және/немесе Қордың деректер қорына заңсыз түрде енуді болдырмау мақсатында, Қорға өзінің ақпараттық қауіпсіздігін жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құжат әзірлеу қажет.

Қорда ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша бірыңғай тәртіптің (жүйенің, норманың, рәсімнің) бұзылуы, қажетсіз құжат айналымы, бюрократиялық процедураларды болдырмау және сондай-ақ, Қордың ақпараттық технологияларды пайдалану ережелерін сақтамау себебінен Қордың ағымдағы қызметінде міндеттерді атқару барысында пайдаланушы мен лауазымдық қызметті атқарушы бөлім арасында өзге әкімшілік тосқауылдардың құрылуын болдырмау мақсатында Қорда ақпараттық технологияларды пайдалануды реттейтін Қор ІНҚ әзірлеу жоспарлануда.

3.5.2. Үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып заңнаманы қамыту

ДКБЖ-не барлық қатысушылардың өздеріне жүктелген міндеттерін, қатысушы банктердің ДКБЖ қызметінің аясындағы жауапкершіліктерін тиісінше орындауларын қамтамасыз ету арқылы, соның ішінде Қордың өкілеттіктерін кеңейту жолымен ДКБЖ жұмысының тиімділігін арттыру.

Қор тарапынан 2014 жылы ДКБЖ мақсаттарын атқарылатын міндеттерге сәйкестендіру, банктердің дәрменсіздігін реттеу барысында Қор уәкілдерінің рөлі мен өкілеттіктерін анықтау және сондай-ақ, қатысушы банктердің Қосылу шартының шарттарын тиісінше атқаруын Қордың бақылауы аясындағы Заңға түзетулер енгізу жобасы әзірленіп, ҚРҰБ-не қарастырылуға жөнелтілді.

Сонымен қатар, Қор тарапынан Заңның 2-тарауын (Қордың құқықтық статусы) кепілдік берілген өтемдерді төлеу кезіндегі қатысушы банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) және қатысушы банктің тарату комиссиясы мен Қор арасындағы өзара қатынасы туралы жаңа баппен, соның ішінде есептеу деректерінің нақтылығы бойынша тарату комиссиясының жауапкершілігі туралы нормамен толықтыру жоспарлануда.

Мерзімдік баспасөздерде ДКБЖ-не қатысушы банктердің реестрін тоқсан сайын жариялауды Заң баптарынан алып тастау жоспарлануда.

Заңды тұлғалардың жекелеген категорияларын кепілдікпен қамтамасыз ету

Қор тарапынан 2014 жылы, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамытудың Тұжырымдамасына банктерді ерте елеу, сауықтыру және тарату жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар өзгертулер енгізу ұсынысы жасалды.

Шағын және орта бизнес уәкілдері секілді халықтың әлеуметтік маңызы бар топтарын мемлекеттік кепілдікпен қамту ауқымын кеңейту мақсатында Тұжырымдамада заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарына кепілдік беру туралы мәселесін қарастыру көзделуде. Депозиттерді сақтандыру ұйымының кең ауқымды тәуекелдерді басқару өкілеттіктері мен мүмкіндіктері болған жағдайында, оның ішінде проблемалық қатысушы банктерді реттеу үдерісіне тікелей қатысу және қатысушы банктің дәрменсіздігін реттеудің барынша шығынсыз болатын әдісін таңдау және қолдану туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болған жағдайда, халықаралық тәжірибеге сәйкес заңды тұлғалардың шоттарына кепілдік беру мақсатқа сай деп саналады.

Жаңадан қабылданған НҚА-ге сәйкес Қордың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерін мемлекеттік сатып алу-ды жүзеге асыру

2014 жылдың 29 мамырында жасалған және 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енетін, Еуразиялық

экономикалық одақ туралы келісімнің 2014 жылы бекітілуі болжануда. Келісімде қатысушы мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу келісімін өзінің ішкі сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асыруы қарастырылуда.

Осыған байланысты, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары шығарған 07.08.2014 ж. №315 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен ол құрылтайшысы (өкілетті орган) немесе акционері болып табылатын заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелерін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Қор аталған жұмыс тобының құрамында жұмыс атқаруда.

Жобаны әзірлеудің негізгі қағидаттары «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасынан ең аз шамада ауытқу және осындай тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өлшеміне қатысты басты назар сапаға ауысады.

Жұмыс тобының алдына қойылған жұмысының кезеңдері – ұсыныстарды жинау және бірлестіру, тікелей жобаның өзін әзірлеу, оны мүдделі бөлімшелермен келістіру, Ұлттық Банк Басқармасының отырысына талқылауға енгізу, Басқарма қаулысын Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жөнелту, ресми түрде жариялау.

Қор сатып алулары үшін жеке портал әзірлеу мәселесі қарастырылуда. Мұндай жағдайда, Жұмыс тобы аталған жобаны қазан айының соңына дейін әзірлеуі тиіс және осы жоба Басқарма тарапынан 2014 жылы қазан айының соңында қарастырылады.

НҚА әзірлеуге қатысу

Қор тарапынан 2014-2016 жылдарда келесі НҚА жүзеге асыру жоспарлануда:

- 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың Тұжырымдамасы (Қаржы Тұжырымдамасы 2030);
- Қаржы институттарын сауықтыру және тарату Тұжырымдамасы;
- Дағдарыстан кейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру шараларының жоспары;
- Қазақстан Республикасындағы банктерді мәжбүрлеп тарату Ережелері.

Қордың ішкі құжаттарын жетілдіру:

- Жеке тұлғалардың қайта тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемесінің көлемін

анықтау және белгілеу әдістемесі;

- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау ережелері;

- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есепке алу дерекқорын, Қосылу шартымен белгіленген «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының талаптарына сәйкестендіру ережелері;

Аталған жұмыс тобының алдағы алдағы жұмыстары:

- Қор активтерінің өтімділігін арттыру мақсатында Қордың инвестициялық саясатына өзгерістер енгізу, осы орайда активтерді инвестициялаудан түсетін табыс пен тәуекелдіктің оңтайлы ара қатынасын таңдап алу қажет;

- Шоттардың жаңа жоспарын енгізуге байланысты Қордың қаржы құралдарының есебін жүргізу Ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- ҚР ҰБ-дан алған қарызды есепке алу мақсатында Қордың арнайы резерв қалыптастыру бөлігінде Қордың есеп саясатына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- Қордың арнайы резерв қаражатының тапшылығы қалыптасуы жағдайына ҚР ҰБ-дан қарыз алу келісімінің жобасы;

- Қатысушы банкті оқшаулау немесе барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айыру жағдайына Қордың іс-шаралар жоспары;

- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру» АҚ қызметкерлерінің қызметтік іс-сапарлары туралы Нұсқаулық;

- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру» АҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру ережелері;

- Қосылу шарты және т.б.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтем төлемдерін жүзеге асыру тәртібін бекітетін НҚА-лерді әзірлеу

Қор Директорлар Кеңесінің 06.11.2012 ж. шешімімен мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу ережелері бекітілді.

Жоспарланған үш жылдық кезеңде Қор агент банкті таңдау конкурсын өткізу Ережелеріне және депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша агент банкке қойылатын талаптарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жоспарлауда.

3.6. Меншікті бағдарламалық қамтамасыз етуі әзірлеу

Қор қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуі негізінде Қор жабдығының техникалық жағдайын уақытында тексеріп отыру, Қор доменіне қызмет көрсету, «БАТА» АЖ, «SalT Inspect» АЖ және «SalT Payout» АЖ басқару арқылы жүзеге асырылады.

«БАТА» АЖ

«БАТА» АЖ-сін дамыту және жетілдіру соңғы 7 жыл ішіндегі Қор қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуінің маңызды жобаларының бірі болып табылады. 2008

жылы «БАТА» СМЖ бойынша есептеуді автоматтандыру мақсатында, Қор, қатысушы банктердің ҚРҰБ-не ұсынған есептемелерін автоматты түрде жүктеуге, индикаторлар бойынша есептеулер жүргізуге, берілген үлгілерге сай шығыс есептемелерін және қатысушы банк тұрғысынан хаттарды қалыптастыруға және т.б. мүмкіндік беретін, аттас арнайы ақпараттық жүйе әзірледі және енгізді.

2011 жылы «БАТА» АЖ-сі, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін анықтау ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер)

енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, бейімделіп, жаңартылды.

2013 жылдың қыркүйегінде Қор «БАТА» АЖ-сін Ережелерге сәйкестендіру шеңберінде «БАТА» АЖ-сін көкейтесті ету бойынша жұмыстар атқара бастады. Аталмыш жобаны іске асыру келесі бағыттардан құралды:

1. «БАТА» АЖ-де қолданылатын бағдарламалық өнімдерді, «БАТА» АЖ-нің жаңа серверінде қолданылатын бағдарламалық өнімдердің нұсқаларын орнату және икемдеу арқылы көкейтесті ету.

2. «БАТА» АЖ-ін жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеу әдістемесіне сәйкестендіру, яғни жүктеу пакеттерін, есептемелердің анықтамалығын, бейнелеу есептемелерін әзірлеу, көрсеткіштерді есептеудің алгоритмін өзгерту және т.б.

3. «БАТА» АЖ-нен жүктеліп алынған есептемелер негізінде мәліметтер массивін құру үшін жаңа модуль құру – жаңа тестік индикаторлар құру және есептеулер формуласын икемдеу мүмкіндігі, тоқсандық және жалпы жинақтаушы баллдарды есептеу процесіндегі қатысуды реттеу үшін көрсеткіштерді активтендіру және активтендіруді тоқтату мүмкіндігі;

4. «БАТА» АЖ-де жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеуге қатыспайтын есептемелер үшін нұсқаулық қолдауы бар жүктеу пакетін, есептемелердің анықтамалығын, бейнелеу есептемелерін әзірлеу.

5. «БАТА» АЖ-ін жетілдіру мен жаңартылуын қамтамасыз ету: өздігінен жаңа бекітілген индикаторларды және үлгілердің есебінің реттелуін құру, тоқсандық және жалпы жинақтаушы баллдарды есептеу процесіне олардың қатысуын реттеу үшін индикаторларды активтендіру және активтендіруді тоқтату, шамаланған индикаторларды құрамы бойынша қарап шығу мүмкіндігінің болуы.

Ағымдағы жылы «БАТА» АЖ-ін бейімдеу және жаңарту жұмысы жалғасуда және оны 2014 жылдың тамыз айында бітіру жоспарлануда. «БАТА» АЖ-ін түрлендіру бойынша әрі қарай жасалатын жұмыстар 2015 жылы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен соң жалғастырылады.

«1С Есепшілік» АЖ

Қордың бухгалтерлік есебі «1С Есепшілік 8.2»

ақпараттық жүйесінде жүргізіледі, бүгінгі таңда «1С Есепшілік 8.2» ақпараттық жүйесіне стандартты модульдерден басқа, тағы құнды қағаздарды есептеу модулі де енгізілген. 2015 жылдың соңына дейін басқарушылық есептемесін қалыптастыру модулін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ ҚРҰБ өткізілетін кейбір есептеме үлгілерін, «1С Есепшілік 8.2» алынған мәліметтер негізінде автоматтандыру жоспарлануда.

«SalT Inspect» АЖ және «SalT Payout» АЖ

Қор қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуі саласындағы басым жобасы, сақтандыру оқиғасы орын алғанға дейін, банктердің кепілдік берілген депозиттерін автоматтандырылған есепке алу дерекқорын тексеруге және сапасын арттыруға арналған «SalT Inspect» АЖ-ін және мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуді тиімді етуге арналған «SalT Payout» АЖ-ін құру болып табылатын.

2014 жылдың қаңтарында Қор, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы Комитетінен «SalT Inspect» АЖ мен «SalT Payout» АЖ құқықтарының мемлекеттік тіркеу куәлігін алды.

2014 жылы төлеуді ұйымдастыру процесін жетілдіруге арналған ақпараттық жүйелердің тәжірибелік қолданысын аяқтау және оларды ары қарай өндірістік қолданысқа жіберу жоспарлануда.

Алдымыздағы кезеңде «SalT Inspect» АЖ-ін әрі қарай дамыту және жетілдіру жоспарлануда.

2016 жылдың аяғына дейін Қор тарапынан «SalT Payout» АЖ-ін жаңартуды өткізу жоспарланған:

1) Қордың депозиторларының реестрлерін 2 бөлікке бөлу: олардың депозиттерін табыстауға келісім бергендері мен одан бас тартқандары ретінде мүмкіндігін жүзеге асыратын Р&А процесіне техникалық дайын болуы үшін,

2) Қордың 2 агент банк арқылы оперативті төлеуге дайындығын қамтамасыз ету үшін келесі мүмкіндіктер жүзеге асырылады: а) депозиторлар реестрінің филиалдық желі және депозитордың аты-жөнінің алфавиті бойынша бөлінуі мен есепке алынуы; б) бірнеше агент банктен алынған төлемдер бойынша есептемелерінің депозиторлардың реестріне сәйкестігін есепке алу мен бақылауға қатысты жүктеулер.

3.7. Депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Қордың алдыңғы Стратегиялық жоспарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша үш жылдық кезеңге, яғни 2010-2012 жылдарға арналып жоспарланған іс-шаралары, көрсетілген мерзім ішінде және/немесе одан кейінгі жылдар ішінде толық көлемде орындалып шықты. Қор жыл сайын салымшыға «Депозиттерге кепілдік беру туралы нені білуіңіз керек» жадынамасын (жыл сайын жаңартылған тақырып пен жадынама дизайнымен) шығаруды және оларды ДКБЖ-не қатысушы банктердің жеке тұлға-салымшылары арасында таратуды жалғастырды, сонымен қатар өзге де полиграфиялық өнімдерді: Қордың шұғыл байланыс нөмірі мен корпоративтік интернет-ресурсының атауы көрсетілген

қысқа ақпараттық ұнпарақтарды және жарнамалық стикерлерді шығарып тұрды. Бұдан басқа соңғы 4,5 жыл ішінде Қор, өзінің ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының, Қордың бірнеше мамандары тарапынан депозиттерге кепілдік беру жүйесі бойынша түрлі тақырыптарда, Алматы қаласының бірқатар ЖОО-ларында экономика және қаржы мамандықтарының студенттеріне тақырыптық дәрістерді өткізу, Қор қызметінде орын алған маңызды оқиғалар жайлы журналистер арасында брифинг және Қор басшысының қатысуымен интернет-конференцияларды өткізу және т.б. секілді балама арналарды да кеңінен қолданды.

2014-2016 жылдар аралығында ақпараттық-түсіндіру

жұмысы саласындағы Қордың негізгі күш-жігері Қордың халық арасындағы танымалдылығы, яғни Қазақстан халқының жалпы саны ішіндегі пайызбен алғандағы дәрежесін ақырындап арттыруға бағытталады. Банкердің бірі жүргізген арнайы зерттеуге сәйкес, 2014 жылдың басындағы ахуалға сай ҚР халқының тек 54 %-ы ғана депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің бар екендігі жайлы хабардар болып шықты. Алдағы бес жыл ішінде, яғни 2019 жылдың соңына дейін, депозиттерге кепілдік берудің ұлттық жүйесі жайлы халықтың хабардарлық дәрежесін 2019 жылдың соңына қарай 70%-ға дейін ақырындап (әр жыл сайын шамамен 3%-ға) арттыру жоспарлануда.

Халықтың аталмыш хабардарлық дәрежесі келесі жолмен бағаланады: 2014 жылы – Қордың интернет-ресурсына, қазақстандықтардың ұлттық ДКБЖ жайлы хабардарлық деңгейін бағалайтын, Қор басшылығы тарапынан бекітілген арнайы онлайн-сауалнаманың талдау нәтижесінің орналастырылуы арқылы, ал 2015-2019 жылдар аралығында – мамандандырылған маркетингтік компания арқылы өткізілетін, Қордың PR-науқанының тиімділігін тәуелсіз әлеуметтік зерттеу нәтижесі арқылы (кем дегенде 2 жылда бір рет). Жоғарыда аталған зерттеулердің нәтижесі Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын есептемеде беріледі.

Сондай-ақ, Қордың осы саладағы негізгі мақсаттарының бірі, ол өзінің ақпараттық түсіндіру қызметі бойынша өткізілетін және тиісті күнтізбелік жыл үшін Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының Тұжырымдамасында қарастырылған барлық іс-шаралардың жалпы санынан кем дегенде 80%-н жүзеге асыру болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкінің қалауы және ағымдағы ресми ұстанымына сәйкес, сонымен қатар Қордың өз бастамасымен, Қордың депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің өзге де қатысушыларымен (ең алдымен ҚР Ұлттық Банкі және қатысушы банкермен), халықтың қаржылық сауатын арттыру мәселесіне қатысты ынтымақтастығының сапасын арттыру және кеңейту жоспарлануда. Қордың ДКБЖ-не қатысушы банкермен бірлесе отырып жүзеге асырған жарнамалық кампаниясы бойынша жобаларының саны Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметі бойынша жобаларының жалпы санындағы үлесі 20%-дан кем болмауы тиіс.

Алдағы үш жылдық кезеңде Қор қызметі жайлы ақпараттарды, түрлі мақсаттағы аудиториялардың осы ақпараттар жайлы хабардар болуын қамтамасыз ететін, әр-түрлі дәстүрлі байланыс арналары арқылы (республикалық және аймақтық газеттер, радио, теледидар, өзінің интернет-ресурсы, Facebook және Вконтакте әлеуметтік желілеріндегі Қордың корпоративтік парақшасы, тегін шұғыл байланыс телефон нөмірі және т.б.) хабарлауды жалғастыруды жоспарлауда. Сонымен бірге, әрбір нақты мақсатты аудитория үшін өзінің жеке, ол үшін әлдеқайда тиімді болатын ақпараттық арнасы таңдалады. Мысалы, осылайша, Қордың интернет-ресурсы және әлеуметтік желілері негізінен дәстүрлі ретте, интернетті ақпараттық мақсаттарды белсенді түрде пайдаланытын жастарға бағытталады, теледидар – орта буынға, ал республикалық және аймақтық газеттер – аға буынға және зейнеткерлерге бағытталады. Радио болса, ақпараттық арна ретінде ешбір нақты бір жас санатына бағытталмай жалпы көлік жүргізушілеріне арналады. Мұнымен бірге, тұтастай алғанда әрбір ақпараттық арнаның өз ішінде, ҚР қаржылық жүйесі жайлы хабардарлық дәрежесіне

қарай салымшылардың бейнесіне сүйене отырып, нақты байланыс арналары (нақты газет, нақты радиостанция немесе телебағдарлама) таңдалады, яғни кейбір байланыс арналары көбіне қарапайым тұрғындарға арналады, ал басқалары қаржы және банк жүйесі саласындағы мамандарға арналады.

Сонымен қатар, 2014 жылдың ортасында Қор тиісті қызмет жеткізушілерімен бірге брендбукты – Қордың полиграфиялық және өзге де жарнамалық өнімдерін және де Қор жайлы ақпарат презентациясын (салымшыға жадынама, жылдық есеп, стратегиялық даму жоспары, корпоративтік интернет-ресурсы және т.б.) рәсімдеудің бірыңғай стилін жасауға кірісті. Аталмыш жұмысты 2015 жылдың ортасына қарай аяқтау жоспарлануда.

ДСЖХҚ депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесінің Негізгі қағидаларына сай, сондай-ақ Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының анағұрлым тиімді болуына және халықтың ДКБЖ және Қор жайлы хабардарлық дәрежесін арттыруға қол жеткізу мақсатында жақын аралықтағы үш жыл ішінде келесілер жоспарлануда:

- Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының жылдық Тұжырымдамасында жарнамалық кампания бойынша қалаған негізгі сандық нәтижелерді сандармен нақты белгілеу;
- Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының барлық мақсатты аудиториясын нақты саралау және олар үшін нақты коммуникациялық міндеттерді қалыптастыру;
- ҚР қаржылық қауіпсіздік жүйесінің өзге де қатысушыларымен (ең алдымен ҚРҰБ) және ДКБЖ-не қатысушы банкерімен, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізу мен халықтың қаржылық сауатының жалпы дәрежесін арттыруға қатысты бірлесе атқарған іс-әрекеттерді үйлестіру процесін жүйелендіру және реттеу;
- Қордың бизнес жоспарында, Қордың өткізіп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімділігін тәуелсіз бағалауды тұрақты түрде өткізуге кететін шығындарды қарастыру. Жоспарланған кезең ішінде Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімділігін, Қордың сайтында орналастырылған (2014 жылдың соңына дейін) арнайы сауалнама арқылы және осы мақсаттар үшін мамандандырылған, кәсіби маркетингтік ұйымдарды ақылы негізде тарту (2015-2016 жж.) арқылы талдау жоспарлануда. Аталмыш Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімділігін кәсіби жолмен талдау әр екі жыл сайын кем дегенде бір рет өткізіліп тұрады. Өз кезегінде, мұндай талдау Қазақстан Республикасының барлық аймақтарындағы тұрғындар арасында Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының анағұрлым тиімді арналарын табуға мүмкіндік береді және осы негізде келесі қаржылық жылға арналатын Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысының тұжырымдамасы тиісінше жыл сайын қайта қаралып отырады.

2014-2015 жылдары Қор өзінің 15-жылдығына орай түрлі ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізуді жоспарлауда, атап айтар болсақ: «Депозиттер жайлы бәрін біл» айдарын ұйымдастыру және осы айдар бойынша қойылған сұрақтарға ең көп дұрыс жауап берген жеңімпазға

сыйлықтар беру, «Қазпошта» АҚ-мен ынтымақтастық орнату-логотиптермен және Қордың және «Қазпошта» АҚ интернет-сайтындағы гиперсілтеулермен алмасу, салымшыларға Қор жадынамасы мен Қордың шұғыл байланыс нөмірі және өзге де байланыс ақпараттары бар жарнамалық стикерлерін «Қазпошта» АҚ-ның Қазақстан бойынша барлық бөлімшелеріне тарату және т.б.

2014-2016 жылдар аралығында Қор өзінің шұғыл байланыс нөмірі мен интернет-сайтын, Қордың тиісті мәліметтері бар жарнамалық ақпараттарын халыққа арналған тегін жарнама газеттеріне және тұрмыстық қызметтерді төлеу түбіртектеріне ақылы негізде орналастыру арқылы едәуір дәрежеде көпшілікке таратуды көздеп отыр.

Жоспарланған кезең ішінде Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысы саласында қатысушы банктермен, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкімен ынтымақтастығы едәуір дәрежеде күшейтіледі. Қор қаржылық қауіпсіздік жүйесі мен депозиттерге кепілдік беру жүйесінің өзге де қатысушыларымен бірге 31 қазандағы «Дүниежүзілік жинақ күні» аясында, Қазақстанның ЖОО-да экономика және қаржы мамандықтарында білім алып жатқан студенттерге, қатысушы банктер қызметкерлеріне дәріс өткізуді, сонымен қатар халықтың қаржылық сауатын арттыру мақсатында ҚРҰБ бірлесіп теле және радио бағдарламаларға («Капитал әліппесі», «Қаржы жайлы» және т.б.) қатысуды және т.б. жоспарлауда. Бұдан басқа тағы Қор өзінің қызметі жайлы материалдарды ҚР Ұлттық Банкінің мерзімді баспа басылымдарына орналастыруды жоспарлауда.

Қордың интернет-ресурсы Қор қызметіне қатысты және Қор «келбеті» ретінде маңызды ақпараттар көзінің бірі болып табылады. Дегенмен, Қордың интернет-сайтының дизайны 2009 жылдан бастап өзгертілмеген. Осыған байланысты жоспарланған кезең ішінде (2014-2016 жж.) өзінің интернет-ресурсын, слайд-шоу, кері байланыс және т.б. секілді заманауи атқарымдарды қоса отырып, сапалы түрде жаңартады және жетілдіреді, сондай-ақ өзінің интернет ресурсының құрылымын оңтайландырады. Сонымен бірге, Қордың интернет-ресурсына орналастырылатын Қор қызметі жайлы жаңалықтарға жаңартылған интернет-сайттағы арнайы жаңа функцияның көмегімен салымшылардың жеке e-mail арқылы жазылу мүмкіндігі

қамтамасыз етіледі.

2014-2016 жж. аралығында Қор сұхбат беру, журналистермен брифинг өткізу, Қор өкілдерінің қатысуымен БАҚ-мен баспасөз конференцияларын және арнайы кездесулерді өткізу, сондай-ақ Қор басшылығымен тақырыптық интернет-конференцияларды өткізу арқылы БАҚ-мен тығыз қарым-қатынасын ұстап тұруды жоспарлауда. Бұдан бөлек, Қор қатысушы банк бөлімшелері мен «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде тарату мақсатында салымшыға жадынама, ақпараттық парақшаларды және шұғыл байланыс нөмірі мен Қордың интернет-ресурсының атауы және оның Facebook және Вконтакте әлеуметтік желілеріндегі корпоративтік аккаунттарының мекен-жайлары көрсетілген жарнамалық стикерлерді дайындауды жалғастыруды жоспарлауда.

Сонымен қатар, егер сот 2014-2016 жылдар аралығында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банк жайлы мәжбүрлеп тарату, барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру немесе оқшаулау енгізілуі жайлы шешім қабылдаса, мұндай жағдайда Қор мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібі мен шарттары жайлы смс-хабарламаны ұялы байланыс операторларының негізгі абоненттік желілері (K-Cell, Tele2, Beeline және т.б.) арқылы жіберу, сонымен қатар мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларының электрондық пошта адресстеріне егжей-тегжейлі хабарламаларды жіберу секілді арнайы ақпараттық арнаны қолдануды жоспарлауда.

Соңғысы, халықтың қаржылық сауатын арттыру бойынша көпшілік алдында өтетін, сыртқы байланыс әдістерін тиімді етіп меңгеруде және пайдалануда түрлі іс-шараларға қатысатын Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында, Қор өкілдерін осыған дағдыландыру үшін, тиісті халықаралық тақырыптық конференциялар мен семинарларға қатысулары арқылы, байланыстың алдыңғы қатардағы құралдары мен амалдарын қолдану саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені зерттеулері үшін арнайы оқытулардан өткізу жоспарлануда.

Жалпы алғанда, Қор өзінің ақпараттық-түсіндіру қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында ең үздік әлемдік тәжірибені пайдалануды жалғастырады.

4. АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

Қордың адам ресурстарын басқару саласындағы негізгі мақсаттарының бірі, шығыстардың ең жоғарғы тиімділігі қағидасына сәйкес және Қордың операциялық шығындарын жетілдіруді басшылыққа ала отырып, Қорды адекватты түрде кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады.

Қордың жұмысына кері әсер ететін ішкі фактор кадрлардың ауысуларының жоғарылығы, ол жұмыстың сабақтастығына кедергі келтіреді және Қор жобаларын жүзеге асыру мерзімдеріне кері әсер етеді. 2011 жылы кадрлардың ауысуы – 23,1%, 2012 жылы – 3,6%, ал 2013 жылы – 14,3% құрады. Қор кадрлардың ауысуларын бұдан әрі талдау мақсатында жұмыстан босап жатқан қызметкерлер үшін сауалнама өзірледі.

Талдау нәтижелері бойынша, қызметкерлердің біліктілік жалақысының деңгейі олардың атқарып жатқан жұмысының көлемі мен қиындығына сәйкес келмейтіндігі негізгі себеп болғандығы анықталды.

Қор кадрларды оқытуды, түрлі ел ішінде және шетелдерде өткізілетін семинарларда қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыруда. Одан өзге, ДСЖХҚ Қор қызметкерлеріне банктік қызмет пен банктерді қадағалау тәжірибесі мәселелерінің кең ауқымы бойынша қашықтықтан оқыту мүмкіндігін береді. Бұл жағдайда, Қор қызметкерлері FSI Connect бойынша оқытылады, ол қадағалау органдарының қызметкерлері үшін Қаржылық тұрақтылық институтында (ҚТИ) өзірленген оқыту мен онлайн ақпараттық ресурс құралдарынан тұрады.

Аталған оқытудың негізгі құраушысы қаржылық сектор, банк секторының шешуші тәуекелдері мен оны басқару, қаржылық құралдар, сондай-ақ онымен бухгалтерлік есеп, депозиттерді сақтандыру мен төлем жүйесі тәрізді мәселелеріне байланысты қадағалау бойынша онлайн курстардың көшенді жинағы болып табылады. Қордың жаңа қызметкерлері үшін таныстыру семинарлары жүргізіледі.

Жоспарланған кезеңде «мықты кадрлар тобын», яғни

Қор жұмысының әр негізгі бағыты бойынша шешуші қызметкерлер қатарын құру мен сақтау саясаты жалғасатын болады. Қызметкерлердің, бірінші кезекте, шешуші қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жалғасады.

Қор қызметкерлерінің жан-жақты дамуы және олардың қаржылық жүйені толық түсінуі, сонымен қатар Қор және Ұлттық Банк арасындағы тәжірибе алмасу үшін реттеуші мен Қор тарапынан ұйымдастырылатын бірлескен семинарлар жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

4.1. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін қамыту

Қордың тәжірибелі қызметкерлері жыл сайынғы негізде Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша Қорға жаңадан келген қызметкерлер үшін тақырыптық семинарлар өткізеді. Қор өзінің қызметкерлерін шетелдерде және Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін ДСЖХҚ халықаралық тақырыптық семинарлары мен конференцияларына оқуға жібереді.

Қордың іс-сапарларға жіберілген қызметкерлері, олардың алған білімдері негізінде іс-сапарларының қорытындысы ретінде Қор қызметкерлері арасында семинарлар өткізеді. Қор тарапынан болашақта Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру әдістерін оқытуды жалғастыру жоспарлануда.

Бейінді жоғары оқу орындарын бітірушілерден резерв қалыптастыру (жаңа іс-шара)

Қор үшін экономиканың басым салаларындағы кадрлар резервін қалыптастыру мен тиімді пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, Қор тарапынан бейінді жоғары оқу орындарын бітірушілерден резерв қалыптастыру және дайындау тәртібін әзірлеу жоспарлануда. Аталмыш Тәртіп, Қордың кадрлық резервіне енгізу үшін талапкерлерді таңдау механизмін анықтауға бағытталған.

Қор қызметкерлері арасында бизнес-тренингтердің және сондай-ақ жаппай оқытулардың өткізілуі (жаңа іс-шара)

Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және Қордың кадрлық ресурсын кәсіби деңгейде ұстап тұру, сонымен қатар оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қордың тұрақты негізде дамуы үшін сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адам капиталын жақсарту

мақсатында, 2015 жылға арналған Қор қызметкерлері арасында бизнес-тренингтердің және сондай-ақ жаппай оқытулар өткізуді әзірлеу жоспарлануда.

Қор қызметкерлерінің ротациясы мүмкіндігін қарастыру

Қызметкерлердің ротациясы бұл жоспарлы қызметтік ауысу немесе қызметкердің қызметтік міндеттемелерінің толықтай өзгеруі дегенді білдіреді. Тұтастай алғанда ротацияның қарқынды қолданылуы оңтайлы фактор болып саналады және ақырғы нәтижеге жақсы әсер етеді. Қызметкерлерді бір қызметтік орыннан басқасына ауыстыру қажеттілігі, бір қызметте ұзақ уақыт отыру еңбекке деген құштарлықтың азаюына әкеп соғуы салдарынан туындайды, яғни қызметкер өзінің кәсіби ой-өрісін тек өзі атқарып отырған ағымдағы функциялармен шектейді. Ал орын ауыстыру жағдайларды салыстыруға, жаңа шарттарға тезірек бейімделуге мүмкіндік береді.

Қызметкерлердің кенеттен жұмыстан босатылуы немесе уақытша жұмыс істеу қабілетінің болмауы жағдайларында «стихиялық» не болмаса жоспардан тыс ротация жүзеге асырылады. Мұндай жағдайларда бөлімшелердің жетекшілері бос орынды дереу толтыру үшін басшылыққа жүгінеді. Сонда компанияға жаңа және көбіне оқытылмаған кадрлар келеді.

Қор бөлімшелерінің өздерінің негізгі қызметтік міндеттемелерін атқару барысында жұмыстың тоқтатылуын және/немесе жеткіліксіз дәрежеде, сапасыз түрде орындалуын болдырмау мақсатында, Қор өз қызметкерлерін ротациялау мүмкіндігін және оны жүзеге асыру механизмін қарастыруды жоспарлауда.

№1 Қосымша

2014 – 2016 жылдардағы халықтың банк депозиттерінің және ЕДБ міндетті күнтізбелік жарналарының өсімі динамикасының болжамы (мың теңге)

	ДЕРЕК		БОЛЖАМ		
	01.01.2013	01.01.2014	01.01.2015	01.01.2016	01.01.2017
Жеке тұлғалардың депозиттері	3 749 641 558	3 945 505 535	4 663 004 876	5 322 218 242	6 074 625 218
Бір жыл ішіндегі міндетті күнтізбелік жарналар	21 602 781	24 577 484	30 855 957	31 381 772	35 818 243

№2 Қосымша

2014 – 2016 жылдардағы «ҚДКБҚ»АҚ негізгі көрсеткіштерінің өсуі

АТАУЫ	КЕЗЕҢ		
	2014	2015	2016
Табыстар	23%-25%	15%-17%	16%-18%
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	23%-25%	16%-18%	17%-19%
Шығындар	48%-50%	17%-19%	32%-34%
Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	73%-75%	22%-24%	31%-33%
Түсіндіру жұмыстарына жұмсалатын шығындар	5%-7%	7%-9%	8%-10%
Өзге шығындар	30%	8%	8%
Қаржылық нәтиже (I-бет – II-бет)	11%-13%	16%-18%	16%-18%
Корпоративті табыс салығы			
Таза табыс	11%-13%	16%-18%	16%-18%

№3 Қосымша

Инвестициялық активтердің болжамқы есебі

Жылдары	МҚҚ орналастырылған Қор активтері	Күнтізбелік жарналар	Таратылатын массада түскен сомалар	Қоржынның болжамды табыстылығы	Жыл ішіндегі инвестициялаудан түскен табыс
2014	13%-15%	14%-16%	50%	4%	15%
2015	16%-18%	22%-24%	-50%	4%	16%
2016	16%-18%	22%-24%	-50%	4%	17%

№4 Қосымша

Қор қызметкерлері санының болжамы

КӨРСЕТКІШТЕР	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Барлық қызметкерлер саны	42	50	55
Негізгі қызметкерлер саны	42	50	55

№5 Қосымша

Өтем резервінің қарқыны

Жыл	Заңның 22- бабы, 1- тармағы, 1- тармақшасына сай Қор шығындары есебінен	Күнтізбелік жарналар	Бөлістірілмеген пайда	Таратылатын массада түскен сомалар	Өтем резервінің жиыны
2014	0%	24%-26%	7%-9%	12%-13%	18%-20%
2015	0%	23%-25%	36%-38%	5%-6%	25%-27%
2016	0%	22%-24%	30%-32%	2%-3%	24%-26%

№6 Қосымша

Қор қоржынының болжамқы құрылымы

	31.12.2014	31.12.2015	31.12.2016
Жеке активтер қоржыны			
ұлттық валютадағы қаржы құралдары	100%	100%	100%
шетел валютасындағы қаржы құралдары	0%	0%	0%
Арнайы резерв қоржыны			
ұлттық валютадағы қаржы құралдары	65%-75%	65%-75%	65%-75%
шетел валютасындағы қаржы құралдары	25%-35%	25%-35%	25%-35%

№7 Қосымша

01.01.2011 жылдан 01.01.2014 жылға дейінгі аралықтағы
қоржынның құрылымы (млн. теңге)